




АМАНАТЫНА
АДАЛ АЗАМАТ

4-бет



ҚИЫР АСЫП,
ШЕТ ҚОНДЫ
ТАЛАЙ ҚАЗАҚ
БАЛАСЫ...

5-бет



«ЕГЕУҚҰЙРЫҚ
АУЛАУШЫ»

8-бет

ЗАН газеті

zangazet@mail.ru

№81 (3612) 27 қазан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

МӘСЕЛЕ

ШЕКАРАДАҒЫ ЖАҒДАЙ МӘЗ ЕМЕС

Мемлекеттік шекарада қордаланған мәселе көп. Оны Жетісу, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы шекара заставалары мен бекеттерінде болған кезде Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің бірнеше депутаты өз көзімен көрген.

Инфрақұрылымның ескіруі, шекараны қорғаудың техникалық және байланыс құралдармен төмен деңгейде қамтылуы, әскери жауынгерлердің мотивацияларының жеткіліксіздігі сияқты жүйелі проблемаларға әріптестерімен бірге куә болған депутат Болат Керімбек көңіліне түйгендерін жинақтап, Мәжілістің жалпы отырысында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевтың атына депутаттық сауал жолдады. Оған әріптестері С. Нұртаза, М. Рожин, А. Сарым, Е. Саурықов, О. Құспеков те қолдау білдіріп отыр.

Болат Бақбергеновтың сөзіне қарағанда, қазіргі таңда заставалардың көбі апаттық жағдайда тұр. Шекарашылар балабақшаларда, өткен ғасырдың 50-60 жылдары салынған ескі үйлердің ғимараттарында орналастырылған. Шекара заставаларының саны Мемлекеттік шекараны санаттау ережесінде бекітілген талаптарға сай емес. Іске асырылып жатқан Шекара қызметінің жоспарлы модернизациясы бұл проблеманы шешуге жеткіліксіз. Шекара қызметі 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында 68 объектінің құрылысы басталған болатын. Мердігерлік ұйымдардың шарттық міндеттемелерді жауапсыз орындауы және Шекара қызметінің лауазымды адамдары жол берген құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық салдарынан бұл объектілердің 15-і аяқталмай қалған. Шекарашылардың инженерлік-техникалық қорғау құралдарымен қамтамасыз етілу деңгейі өте төмен, қолда бар құралдардың өзі моральдық және физикалық тұрғыдан әбден ескірген. Ал, әлемдік тәжірибе шекараларды автоматтандырылған қашықтықтан бақылау үшін заманауи техникалық қорғау кешендерін барынша жедел енгізу қажеттілігін көрсетіп отыр.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЦИФРЛЫҚ ТЕНГЕ ӨСІРЕ МЕ, ӨШІРЕ МЕ?



1983 жылы Дэвид Чаумның «Бақыланбайтын төлемдер үшін соқыр қолтаңбалар» атты зерттеу жұмысы цифрлық валюта идеясын әлемге паш етті. Міне, 40 жылдан кейін бұл идеяны бүкіл адамзат іске асырып жатыр. Соңғы төрт жылда Орталық банктік цифрлық валютаға (ОБЦВ) деген көпшілік қызығушылығы күрт өсті. Егер 2020 жылы ОБЦВ-ны тек 37 мемлекет зерттеген болса, қазіргі уақытта әлемдік ЖІӨ-нің 98%-ын құрайтын 130 мемлекет ОБЦВ құру мүмкіндігін қарастыруда.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ



ОТАНДЫҚ СОТ ЖҮЙЕСІ – ЕЛ КЕМЕЛДІГІНІҢ КӨРІНІСІ

Тәуелсіздік – қазақ халқының ең басты құндылығы, маңдайға біткен бақыты, асыл да қымбат байлығы. Азаттықтың ақ таңына қол жеткізу жолында халқымыз қаншама қиын-қыстау заманды, тар жол, тайғақ кешулерді бастан өткерді. Тәуелсіздікті алғанмен, оны қолда ұстап тұрудың өзі үлкен жауапкершілік.

Республикада мемлекеттік билік – біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлініп, барлығы түптеп келгенде, ел азаматтарының Тәуелсіз мемлекетте өсіп-өркендеуіне, білім алып, еңбек етуіне жол ашатын маңызды тетіктер болып саналады.

Еліміздің сот жүйесінің негізгі қағидаттары Конституцияға сәйкес жүзеге асырылады. Ата Заңымыздың негізінде Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕТКЕН САЛА

Тәуелсіздік жылдарында еліміздің сот жүйесінде түбегейлі реформалар жүргізіліп, сол

арқылы жалпыұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот әділдігін өміршең етуде соттардың кәсіби деңгейін көтеру мәселелеріне басымдық берілді.

Соның нәтижесінде, елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, заңның үстемдігін қамтамасыз ететін Қазақстанның сот жүйесі қалыптасты.

Бұл ретте Қызылорда облыстық соты да сот төрелігін тәуелсіз, бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, адам құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі қызмет атқарып, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыра түсуге өз үлесін қосып келеді.

Биыл Қызылорда облыстық сотының

құрылғанына 85 жыл толып отыр. Тарихқа көз жіберсек, Қызылорда дербес облыс ретінде 1938 жылы құрылған. Ал, облыстық соттың тарихи кезеңі Қызылорданың облыс ретінде құрылуымен тікелей байланысты. Яғни, Қызылорда жаңа облыс ретінде құрылғаннан бастап облыстық сот та өзінің жұмысын бастады. Осы кезеңнен бері қазақстандық сот жүйесі бірқатар қалыптасу кезеңдерін өткеріп, іргелі реформалар жүргізіліп, сот жүйесінің отандық үлгісі қалыптасты. Өз кезегінде Қызылорда облыстық соты да өзінің тарихи даму кезеңдерінен өтті.

Қызылорда облыстық сотының алғашқы төрағасы болып 1938 жылдың 4 наурызында Ақдәулетов, төрағаның орынбасары болып Өтеулин, Бөкенбаев, А.Досамбаев тағайындалған. Облыстық сот жаңадан құрылып, сот істерін конституциялық талапқа сай жолға қоюда алғаш тағайындалған заңгер-қайраткерлер, судьялар табанды қызмет атқара білген.

Қазақстан өзін тәуелсіз мемлекет ретінде жариялаған кезеңде заманауи сот жүйесін қалыптастыру бағытында іргелі жұмыстар атқарылды. Оң өзгерістер Қызылорда облыстық сотында да жүйелі жүзеге асырылды. Сот жүйесін құру бағытындағы оң бастамалар облыстық сотқа да айтулы жаңалықтар мен серпілістер әкелді. Қызылорда қаласының ең көрікті жері – алаңда орналасқан әсем ғимарат соттарға берілді.

РЕФОРМА – ЖАҒАШЫЛДЫҚ БАСЫ

Сот жүйесін жетілдіруге бағытталған мемлекеттік құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданып, судьялардың дербестігін нығайтудың негізгі қағидалары айқындалды. Сонымен қатар, экономикалық, әкімшілік құқықбұзушылық, кәметке толмағандар ісі бойынша және мамандандырылған соттар институтын дамыту мәселелері қарастырылды. Соның нәтижесінде, Қызылорда облысында да мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттар, кәметке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды. Соттарды мамандандыру азаматтардың құқықтарын қорғау шегін кеңейтуге мүмкіндік берді.

(Соңы 2-бетте)

ОТАНДЫҚ СОТ ЖҮЙЕСІ - ЕЛ КЕМЕЛДІГІНІҢ КӨРІНІСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі отандық сот тарихында маңызды оқиға болды. Осы заң сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесінің негізін қалады. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданып, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап сот ісін жүргізудің үш буынды жүйесі іске қосылды. Осы заңға сәйкес, аудандық және оған теңестірілген соттар – бірінші сатыдағы соттар, облыстық және оған теңестірілген соттар – апелляциялық саты, ал кассациялық сатыдағы сот – Жоғарғы Сот болып саналды.

тификациялаған халықаралық шарттың негізінде осындай балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру, тараптардың бірі кәмелетке толмаған болып табылатын істерді қазіргі таңда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттар қарауда. Бұл өзгерістер тараптардың уақытын үнемдеу, дауларды қарауды созбалаңға салмау және кәмелетке толмаған жас балалардың мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылып отыр.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдан бастап алқабилер қарайтын істер саны біршама арты. Бұған дейін алқабилер 14 санат бойынша істерді қараса, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 32 санатқа дейін көбейді. Алқабилер сотының соттылығын кеңейту сот жүйесін демократияландыруға ықпал етеді және қоғамның сотқа деген сенімін арттырады. Бұл қылмыстық сот ісін жүргізудің басты қағи-

азаматтардың сотқа келуін міндеттемей, өз талаптарын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ жолдауына жол ашты. Осылайша, Қызылорда облыстық соты да өз кезегінде іргелі өзгерістерді бастан өткеріп, жылдан-жылға даму үстінде.

Судьялардың сот төрелігін жүзеге асыруын қамтамасыз ету мақсатында Жоғарғы Сот жанынан Сот әкімшілігінің департаменттері қызмет атқаруда. Олар соттардағы ұйымдастырушылық, қаржылық және материалдық-техникалық қызметтерді атқара отырып, сот төрелігін кедергісіз жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Биыл Жоғарғы Сот жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті ҚР Сот әкімшілігі болып қайта құрылды. Ал, сот әкімшісінің аумақтық органы құрылымы департамент болып өзгеріп, қазіргі таңда Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті деп, аудандық және оған теңестірілген соттардың кеңселері сот әкімшісі болып қайта құрылды.

Қызылорда облыстық сотының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, фронт-кеңселер талапқа сай етіп қайта жасалды. Келушілер үшін күту залы, жеке жұмыс жасау секторы, ақпарат орталығы, адвокаттар мен медиаторлар орны, соттардың кіріс кеңсесі жасақталды. Күту залында көрсетіліп отыратын бейнероликтер арқылы қажетті ақпараттармен, оның ішінде татуласу келісімдерінің маңыздылығы, мемлекеттік баж алымдары, облыстық сот басшылығының жеке қабылдау күндері туралы мәліметтермен, талап қою үлгілерімен және басқа да сот жұмысын ұйымдастыруға қатысты ақпараттармен танысуға мүмкіндік жасалған.

Еліміздің сот жүйесіне азаматтардың сотқа деген сенімін жоғарылату міндеті қойылған. Осындай мақсаты айқын міндеттердің нәтижесінде Қызылорда облыстық соты уақыт талабына сай жаңа деңгейге көтерілді. Қара қылды қақ жарған кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары да дауды оңтайлы шешуге атсалысып, ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайтуға өз үлесін қосып келеді.



Ә.ШЫҒАМБАЕВ,
Қызылорда облыстық сотының төрағасы

instagram, telegram әлеуметтік желілері мен youtube арналары жүргізіліп отырады. Онда халықты сот жүйесінің жұмысымен таныстыру, заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бағытындағы ақпараттар жарияланып, аудандық және оған теңестірілген соттарда өткізілген іс-шаралар мен сот жүйесінің сан тармағын қамтитын замануи форматтағы бейнероликтер орналастырылады. Облыстық соттың баспасөз қызметінің идеясымен жарыққа шыққан «Қорытынды Like», «Кесім» және «Сот Life» жобалары өз оқырмандарын тапты.

Сонымен бірге, Қызылорда облыстық соты бұқаралық спорт пен салауатты өмір салтын ұстануға ден қойған ұжым. 2021 жылдан бастап жылына екі рет судьялар мен сот қызметкерлері арасында дәстүрлі спартакиада өткізіліп келеді. Биылғы спартакиада Қызылорда облыстық сотының 85 жылдығына арналды. Дәстүрлі түрде өтетін спорт бәсекесіне шағын футбол, волейбол, арқан тару, гир тасын көтерумен қатар, қазақша күрес, асық ату, ләңгі тебу, тоғызқұмалақ сынды спорттық ойындарды да қосып, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп келеді. Осындай ішкі сайыстардың арқасында іріктеліп, соттан құралған команда футбол, волейбол, тоғызқұмалақ ойындарынан жыл сайынғы облыстық біріншілікте топ жарып келеді.

Биыл құрылғанына 85 жыл толған Қызылорда облыстық соты осылайша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына, халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыруға, дауласу деңгейін төмендетуге, Қазақстандағы сот жүйесінің оң имиджін қалыптастыруға өз үлесін қосуда.

Сот төрелігі әділдіктің көрінісі болғандықтан, судьялардан әрқашан да біліктілік пен адалдық талап етіледі. Халқы заңын құрмет тұтып, сотына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам. Осындай сенімді ақтап, тиісті дәрежеде қызмет атқару, сотқа деген сенімді арттыру сот жүйесінің басты міндеті болып табылады. Бұл ретте Қызылорда облыстық соты жүйесі құқықтық мемлекеттің қажеттілігіне және заман талабына сәйкес үздіксіз жетілдіріліп, сот жүйесінің отандық үлгісін қалыптастыруға өз үлесін қосып келеді деуге толық негіз бар.



Сот жүйесінде мұндай іргелі реформалар жалғасын тауып, 2018 жылы Президент Жарлығымен Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу соты құрылды. Ал, 2021 жылдың 1 шілдесінде Президент Жарлығымен Қызылорда облысының мамандандырылған әкімшілік соты мен алқасы құрылды.

2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап «Отбасылық сот» жобасы аясында қалалық сот қарауындағы кейбір санаттағы отбасылық даулар ювеналды соттардың қарауына берілді. Атап айтқанда, кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, мүлікті бөлу (кәмелетке толмаған балалар болған кезде), алименттердің мөлшерін өзгерту туралы, кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алимент төлеуден, алименттер бойынша берешекті төлеуден босату, кәмелетке толмағандардың мұрагерлік құқықтарын қорғау, Қазақстанға заңсыз алып келген немесе Қазақстанда ұсталып отырған баланы кері қайтару немесе Қазақстан ра-

даттарын, яғни тараптардың жарыспалығын, кінәсіздік презумпциясын және сот төрелігінің негізгі қағидаттарын айтарлықтай іске асыруға мүмкіндік береді.

ҰЙЫМДАСТЫРА БІЛГЕН ҰТАДЫ

Сот жүйесінде сот төрелігін жүзеге асырумен қатар, соттардың қызметін ұйымдастыру да маңызды рөлге ие. Осы орайда, Қызылорда соттарында судьялар мен мамандардың кедергісіз қызмет атқаруына барлық мүмкіндік жасалған. Соңғы үлгідегі компьютерлер іске қосылып, сот ғимараттары жаңа жиһаздармен қамтамасыз етілген. Сот отырыстары өткізілетін залдар заман талабына сай техникалармен жабдықталып, сот процестері дыбыс-бейне жазба құрылғыларын қолдану арқылы өткізіледі. Жаңа технологияларды қолданудың көмегімен сот қызметі ашық, жедел, қолжетімді бола түсті. Жаңа технология

САУАТТЫ АРТТЫРУ – САУАПТЫ ІС

Айта кетерлігі, халықтың құқықтық сауатын арттыру, дауласу деңгейін төмендету, медиация мүмкіндіктерін кеңінен насихаттау, құқық нормаларын түсіндіру мақсатында Қызылорда облыстық соты ақпараттандыру жұмысына да баса назар аударады. Қазіргі таңда облыстық соттың ресми сайты қазақ және орыс тілдерінде жұмыс істеп, онда халыққа қажетті мәліметтер, заң нормалары, соттардың байланыс телефондары мен электронды почталары, облыс соттарының қараған істері бойынша сот залынан берілетін ақпараттар орналастырылған. Сонымен қатар, құқықтық насихат жұмысын жүргізу, кері байланыс орнату мақсатында «Қызылорда соттары» атауымен facebook,

ПАЙЫМ

Сот саласында жүргізілген реформалардың басты мақсаты қауіпсіз ел, әділетті мемлекет құруға бағытталған. Ал саладағы жұмыс сапасы сотқа деген сеніммен өлшенеді. Осы ретте сот шығарған үкімнің сенімді нығайтудағы ықпалды тетік екенін ұмытпауымыз керек. Өйткені сот үкімі – судьяның қаралған іс бойынша ізденісінің, зерттеуінің ең түпкі нәтижесі.



Қарапайым азаматтар судьяның үкім шығарғанға дейінгі барлық іс-әрекетін жетік білмейтіні, жақсы түсінбейтіні анық. Дегенмен бүгінде

судья жұмысының жауаптылығын, сот ісінің қиындығын тараптардың бағдарлауына мүмкіндік бар. Себебі, судьялар қазір сот үкімін шығарып

ҮКІМДІ ТҮСІНДІРУ СЕНІМДІ НЫҒАЙТАДЫ

қоймай, оны тараптарға түсіндіріп, қойылған сауалдарға жауап беруді қалыпты жұмысқа айналдырды.

Сот – әділдік мекені, пікірталас алаңы. Пікір қайшылығынан ақиқаттың туатыны сияқты, екі тараптың өз құқығын қорғауда ұсынған дәлеліне, келтірген уәжінің салмағына, қарсылығына, қарымта жауабына қарап төрелік алаңында тура сөз айтылады, түзу үкім шығарылады.

Сотта екі тараптың ісі қаралғандықтан, бірінің жеңіп, екіншісінің жеңілетіні даусыз. «Өзімдікі дұрыс» деп соттасатын тараптардың қайсысына болсын жеңілісті қабылдау ауыр. Содан келіп сотқа деген реніш, сот үкіміне деген сенімсіздік пайда болады. Осы шетін мәселені дұрыс шешу мақсатында 2018 жылдың 15 қаңтарынан бастап сот шешімін түсіндіру бойынша республика көлемінде пилоттық жоба қолға алынып, судьялардың сот үкімін жазуына арнайы ереже белгіленіп,

сонымен бірге, өзі шығарған заңдық құжаттың мәні мен негізін түсіндіру міндеттелген болатын.

Пилоттық жобаның халыққа пайдалы, қолайлы екені алғашқы кезде-ақ белгілі болды. Соған орай Жоғарғы Соттың 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысы 7-тармақ, төртінші абзацпен толықтырылып, «Жарияланғаннан кейін судья қабылдаған шешімнің мәнін, уәждері мен құқықтық салдарларын ауызша түсіндіреді, ол туралы сот отырысының хаттамасында белгі жасалады» деген өзгеріс енгізілді. Осы өзгеріс қабылданған уақыттан бері судьялар өзі шығарған үкімді арнайы ережеге сай жазып, оның заңдық негізін тараптарға барынша қарапайым тілмен, көпшілікке беймәлім заң терминдерін қоспай, үкімнің мәнін күрделендірмей түсіндіруді қолға алып келеді.

Республика судьяларына үлгі

ретінде Жоғарғы Сот «Жаңа форматтағы қылмыстық істер бойынша үкімдерді дайындау бойынша ұсыныстар және оларды түсіндіру» атты оқулықты шығарды. Бұл оқулықты дайындау бойынша Жоғарғы Сот ерекше ізденіс жүргізді. Республикадағы ең сауатты, ең сапалы жазылған, тіл байлығында, сөзді қолдануында шеберлігі байқалған судьялардың таңдаулы үкімдері жинақталып, осы кітапқа енгізілді. Қазіргі кезде бұл оқулық әрбір судьяның жұмыс үстелінде тұратын көмекші құрал іспетте. Мұндай жинақтың дайындалуы судьяларды жаңашылдыққа тез бейімделіп, үкім жазудағы шеберлігін арттыруға әсер етті.

Е. МАЙШИНОВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЦИФРЛЫҚ ТЕНГЕ ӨСІРЕ МЕ, ӨШІРЕ МЕ?


(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан осы қатарға 2021 жылы келіп қосылды. Жол картасы бойынша енді 2025 жылға дейін өзіміздің цифрлық теңгемізді (ЦТ) енгізбекпіз. ЦТ елге игілікті бола ма әлде оның болашағы бұлыңғыр ма? Осы сауалдарға жауап іздеп көрген едік.

Жалпы, цифрлық теңге кәдімгі заңды төлем құралы ретінде қабылданады және классикалық ақшаның барлық функциясын атқарады. Цифрлық теңге іске қосылса да, қолма-қол және қолма-қолсыз ақшалар Қазақстанда айналымда қала береді, ал цифрлық валюта олармен қатар жүреді. Төлем тұрғысынан алып қарағанда, бұнда үйреншікті алыс-берістен бөлек жаңашылдық та бар. Ол – офлайн төлем жүйесі. Яғни, интернетке қосылмаған мобильді телефонмен де төлем жасауға мүмкіндік бар. «Офлайн режимінде сатып алу» схемасының онлайн режимінде сатып алудан айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Алайда сатушы мен сатып алушы арасындағы транзакция біткен соң, төлемді аяқтау үшін, желіге олардың ең болмағанда біреуін қосу талап етіледі. Осы сәтте синхрондау орындалады: токендерді тексеру және транзакцияны тізілімге жазу жүргізіледі. Яғни сізге офлайн түскен ақшаны жарату үшін, кемі бір рет интернетке қосылуыңыз керек. Осы тұста ЦТ қатысты бірінші мәселе интернетсіз төлемге байланысты туындайды. Өйткені Ұлттық банк биометриялық деректер (саусақ таңбасы, көз қарашығы) арқылы төлем жүргізу жоспарын дайындап, сынақтан өткізіп жатыр.

Саусақ таңбасымен төлем жасау қауіпті емес пе?

Ұлттық банк төлемдерді жүргізудің әртүрлі сценарийлерін тестілеуді пилоттық жоба шеңберінде жүргізіп жатыр. Қаралымда қарапайым ұялы телефон, төлем карточкалары немесе басқа да төлем құралдарын пайдалану мүмкіндігі қаралуда. Сондай-ақ қолма-қол ақшаға жатпайтын «арнайы ақша» арқылы ЦТ-ны пай-



далануға болады деп болжанады. Тіпті ЦТ офлайн режимде де, яғни интернетке қол жеткізусіз: POS-терминалдар, QR-кодтар, биометриялық деректер (саусақ таңбасы, көз қарашығы) арқылы төлем жүргізудің өзге арналары зерттелуде. Уысындағы ақшаны бармағының басымен басқару тиімділігі де бар. Биометриялық деректермен төлем ыңғайлылығын бұған дейінгі шетел кейстері дәлелдеп жүр. Мысалы, Мәскеуде Face Pay (бет әлпетті тану жүйесі) арқылы метро билетін төлеу технологиясы 2020 жылдан бері жұмыс істеп келеді екен. Технологияны пайдалану үшін «Мәскеу метро» қосымшасын жүктеп, онда Face Pay бөлімінде бетіңізді суретке түсіріп, банк картасын байланыстыру керек. Осыдан кейін жолаушыға өзімен бірге карта немесе қолма-қол ақша алып жүру қажеттілігі тұмайды. Тек турникеттегі арнайы камераға жақындаса болғаны, жол ақысы бірден төленіп, діндеген жерге жете алады. Биометриялық деректерді қолдану Қазақстанда жаңашылдық емес. Дегенмен бұл технология тек құжаттар үшін, жұмысшыларды басқару менеджменті үшін ғана қолданылып келеді, әзірге төлем операциясын орындауға қатысты жобалар жоқ. ЦТ соған мүмкіндік аспақ. Дегенмен таяқтың екінші ұшында тұрған қауіпсіздік мәселесін де ұмытпау керек. Биометриялық деректер қорының бұзылуы, орын алуы мүмкін ең нашар нәрсе. Егер адам өзінің биометриялық

деректерін жүйеге сеніп тапсырса және бұл жүйе оның сенімін ақтама, онда адамның цифрлық болашақтағы өмірі толық бұзылады. Өйткені сіздің биометрияға иелік еткен үшінші тұлға банк картаңыздағы PIN кодтан бастап, төлқұжат, тіпті фамилияға дейін өзгерте алады. Ұлттық банк цифрлық теңгені айналымға енгізу барысында G7 (Ең дамыған жеті ел саммиті) әзірлеген халықаралық қағидаттарды ескеретінін және осы жауапкершілікті мойнына алатынын жеткізіп отыр. G7 қағидаттары ішінде деректерді қорғау, операциялық орнықтылық және киберқауіпсіздік бар. Яғни қауіпсіздіктің кепілі банктің өзі болмақ. Дегенмен толыққанды реттеуші заңдық жоба құру пилоттық жоба шеңберінде кейін қаралатын соңғы мәселелердің бірі болып табылады екен.

Осы тұста IT-маман Абай Серғазиев биометриялық деректерді ұрлау және теріс мақсатта пайдалану қаупі басты мәселе болғандықтан, қазірден бастап кейінге қалдырмай қолға алу керектігін жеткізіп отыр. «Деректердің қауіпсіздігі маңызды аспект болып қала береді. Егер олар жеткілікті түрде қауіпсіз болмаса, пайдаланушылар үшін елеулі проблемалар тудыруы мүмкін. Биометриялық деректерді жинау және сақтау құпиялылық пен бақылауға қатысты өте сақ болу керек. Анық келісімнің болмауы немесе биометриялық төлем пайдалануды дұрыс реттелмеуі, ықтимал кейбір

кибер қылмыстарға әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл іске айрықша назар аудару керек», – дейді маман.

Цифрлық теңге халықты қадағалайтын құрал ма?

Цифрлық валюта (ЦВ) пайдаланушыларының қадағалануы АҚШ-та басталатын президенттік сайлау науқанындағы негізгі мәселелердің біріне айналған. Рональд Дион Десантис АҚШ Президенттігіне өзінің кандидатурасын жариялады және осы жағдайда бүкіл Америкада ЦВ-ға тыйым салуға шақырып, бұл «американдықтарды қадағалау және олардың мінез-құлқын бақылау» құралы екенін айтып жүр. АҚШ президенттігіне тағы бір үміткер – кіші Роберт Кеннеди ЦВ «қаржылық құлдық пен саяси тиранияның тайғақ беткейін майлауы мүмкін» дейді. Осы тұста цифрлық теңге де бағдарламаланатын токен екенін еске сала кетейік. Мұндай функциялар қаражаттың мақсатты жұмсалып қадағалайды. Мысалы, әлеуметтік төлем ЦТ-сына дүкеннен нан сатып алғаныңызбен, киноға бара алмауыңыз мүмкін. Өйткені ЦТ бағдарламаланған және оған ештеңе жасай алмайсыз. Десе де, Ұлттық банк ЦТ-ны пайдалану бірінші кезекте заң шеңберінде тұтынушылардың құқықтарын толық қорғауды қамтамасыз ететінін, ЦТ инфрақұрылымында төлемдердің «анонимділігін» қамтамасыз ету мақсатында тиісті шешімдер көзделетінін жеткізді. Дегенмен реттеуші орган алаяқтыққа, ақша қаражатының заңсыз айналымына және заңсыз қызметті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау үшін азаматтардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін тәсілдер пайдаланатынын ескертті. Ал конфиденциалдылықты қорғау жөніндегі жан-жақты технологиялық шешімдер пилоттық жоба кезінде пысықталмақ.

Бірақ Ұлттық банк ЦТ арқылы транзакцияларды қадағалау сыбайлас жемқорлықты, көлеңкелі экономиканы азайту және т.б идеясын іске асыру бойынша ұсыныста бар екен жеткізді. Бұл тұрғыда қаржы, биржа, макроэкономика сарапшысы Айбар Олжай келесідей пікір білдірді. «Цифрлық теңге – бағдарламаланатын токен. ЦТ-ның банктен шыққаннан бастап, осыған дейін кімнің әмиянында болғаны жайлы ақпарат сақталады. Әрине, егер «жаппай» ЦТ-ге өтетін болсақ, көлеңкелі экономиканы да, жемқорлықты да ауыздықтауға мүмкіндік ашылады. Мысалы, бар болғаны үш айда жемқорлықты құртуға болады.

Сондықтан ЦТ-ға үміт көп», – дейді сарапшы. Әрине, ҰБ мәлімдесі мен сарапшы пікірі техникалық тұрғыдан мүмкін нәрсе болғанымен, аталған мәселе әлі де пысықталмақ. Өйткені жоғарыда айтылған пайдаланушы анонимділігі мен бұл ұсыныс өзінде бір-біріне кереғар. Сондықтан егіз де өлмейтіндей, арба да сынбайтындай шешім керек.

Пилоттық жобаның бюджетке түсіретін ауыртпалығы қандай?

Еске сала кетсек, ҰБ қамқорлығымен бөлшек саудаға арналған бірде-бір жоба сәтті аяқталған емес. Мысалы, НПЦ-2003 (шығындар 1,6 млрд теңге) ақша аяқталғаннан кейін тоқтап қалды, Е-теңге (2011) – әрең жұмыс істеді және өз-өзінен жоқ болды. Бұл жолғы ҰБ шығаратын ЦТ жобасы сәтті болуы жайлы сауалды туындауы орынды. Дегенмен ҰБ қатысуымен цифрлық теңге инфрақұрылымын қамтамасыз ету бойынша көптеген бастамашылық жобалар жұмыс істеуде. Оның үстіне барлық тараптардың мүдделері ескеріліп отыр. Ұлттық банктің мәлімдеуінше, жобаны іске асыру барысында түпкілікті тұтынушыларды, финтех-компанияларды, екінші деңгейлі банктерді экономиканың басқа салаларындағы компанияларды қоса алғанда, түрлі салаларға қатысушылардың барынша көп саны тартылып отыр. Сондықтан жоба аяқсыз қалуы екіталай. Десе де, пилоттық жобаның шығыстары айқындалып жатқан көрінеді. Оның себебін пилоттық жоба ақша-кредит саясатына және қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін әдіснамалық зерттеулер, операциялық және технологиялық тәуекелдерді бағалауға арналған технологиялық эксперименттер, сондай-ақ қажетті реттеуші тәсілдерді бағалаудан тұратын бірнеше жұмыс блоктарын әлі де болса «екшеу керекке» тақалады екен. Сондықтан да пилоттық жобаға жұмсалатын бюджетті нақты бағалау мүмкін емес көрінеді...

Цифрлық теңге жайын әлі де біраз уақыт қаузауға болады. Дегенмен не асыл, не жасып кетерімізді құзырлы органдардың жұмыс нәтижесі көрсетпек. Әсіресе, қауіпсіздік жайы күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып қала бермек. Түйткілге қатысты тұщымды шешім ЦТ болашағын айқындайтыны анық.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

ШЕКАРАДАҒЫ ЖАҒДАЙ МӘЗ ЕМЕС



(Соңы. Басы 1-бетте)

Күн сайын мемлекеттік шекараны күзету-ге мыңдаған адам мен техника шығады. Бұл ретте, шекарашылардың қажетті техникамен қамтылу деңгейі де тиісті нормадан төмен. Жалпы, осы саланың проблемаларын шешу үшін Президент Әкімшілігі басшысының тапсырмасына сәйкес 2024-2028 жылдарға арналған шекара қауіпсіздігінің кешенді жоспары әзірленді (582 млрд. т. қажет). Бұдан басқа, мемлекеттік шекара инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша жол картасы әзірленді. Оған заставаларды, өңірлердегі өткізу бекеттерін жарақтандыру, арнайы жолдар салу енгізілген (118 млрд. теңге қажет). Алайда, Мәжілісте қаралып жатқан бюджетте шекара саласының мәселесін толығымен шешуге сұрап отырған қаражат қарастырылмаған. Осы айтылған проблемаларды шешу үшін тиісті

тапсырмалар берілгеніне қарамастан, шекара қызметін қаржыландыру мәселесі әлі күнге дейін толық шешілмей тұр.

«Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мемлекеттік шекараны сенімді қорғау мақсатында Үкіметке келесідей шараларды қабылдауды ұсынамыз: ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарын құру мен дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының орындалуы. Шекара қызметінде бастапқы сержанттардан генералдарға дейінгі әскери кадрларды даярлау, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарында курстық дайындықтан өту бойынша шаралар қабылдау. Әскери қызметшілердің әлеуметтік пакетін жетілдірілу. Қорғаныс саласын және шекара қызметін қаржыландыру мәселесі Республикалық

жоспарлау үшін арнайы бағдарлама қабылдау. Мемлекеттік қауіпсіздік саласының аса маңыздылығын ескере отырып, аталған мәселелерді Қауіпсіздік Кеңесінде қарауды жөн деп санаймыз», – дейді Б. Керімбек.

Бұған дейін олардың әріптестері Ұ. Тұмашинов, Е. Саиров, Ж. Сүлейменова мамыр айында Роман Склярдың атына шекаралық аудандардың әлеуметтік мәселесі бойынша, ал қаңтарда Б.Смағұл Премьер-Министр Ә.Смайыловтың атына шекара атауына байланысты сауал жолдаған еді. Мұның бәрі шекарадағы қауіпсіздік мәселесінің күрделілігін және оны қысқа уақытта толық шешуге Үкіметтің қауқарсыз болып отырғанын аңғартады.

Сіз не дейсіз?

Нүркен ЫСҚАҚҰЛЫ, саясаттанушы:

– Шекарадағы қауіпсіздікті көзден бір сәт те қалт еткізбей қадағалауымыз керек. Өйткені шекараның тұтастығы – елдің тұтастығы. Елдің тұтастығы ұлттық қауіпсіздіктің басты міндеті болып табылады. Жасыратыны жоқ, Арыстағы әскери қойманың жарылуы мен өзге де келеңсіз оқиғалар елдің әскери және қорғаныс саласының беделін біраз төмендетті. Бұл сала әрдайым заман талабына сай болуы тиіс. Статистикаға жүгінер болсақ, бұл салаға бөлінген қаржы жалпы ішкі өнімнің бір пайызына да жетпейді. Мәселен, 2019 жылы ол 1 пайыз болса, 2020 жылы 0,9 пайыз, 2021 жылы 0,8 пайыз, 2022 жылы 0,5 пайыз, 2023 жылы 0,9 пайыз ғана құрады. Соғыс және бейбітшілікті зерттейтін Швециядағы Стокгольм институтының рейтингінде Қазақстан қорғаныс саласын қаржыландыру жағынан 148 елдің ішінде 62-орында тұр. Қазақстан дамыған елдерді былай қойғанда, Әзірбайжан, Өзбекстан, Ресей, Украина сияқты бұрынғы бірқатар кеңестік республикалардан да артта қалып қойды.

Егер депутаттардың шекарашыларға қатысты сауалдарына келетін болсақ, онда негізінен әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер көтеріліп жүр. Одан әскери саланың әлеуеті өспейді. Себебі әскери қызметшілердің жағдайын жасауға осы уақытқа дейін біраз қаржы жұмсалуда. Меніңше, біріншіден, саланы кезең-кезеңімен реформалау керек. Алдымен қару-жарақ пен техниканы жаңарту қажет. Бізде олардың көбі күрделі жөндеуді талат ететін кеңестік дәуірден қалған дүниелер. Екіншіден, әскери қызметкерлерді НАТО стандарты бойынша дайындап, кәсібилікке көңіл болу керек. Үшінші, қару-жарақ жағынан біз шетелге тәуелдіміз. Оның бәлшектері мен қажетті оқ-дәріні өзімізде жасауға көшіміз керек. Ойымды қорытындылайтын болсам, күрделі реформалар жасағанда ғана біз бұл саланы дамыта аламыз. Онсыз қорғаныс саласы ешқашан алға баспайды.



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АМАНАТЫНА АДАЛ АЗАМАТ

Таяу да танымал адвокат Жәрдембек Қыдыралин телефон соғып, «Осыдан үш жыл бұрын әлемдік індет мықты судья Кеңшілік Абдельдиновты арамыздан алып кетті. Сол курстас досымыз туралы газет бетінде бір естелік қалдырсақ, топ старостасы ретіндегі бір парызым өтелер еді» деген өтініш білдірді. Расында, Кеңшілік Кеңесұлы көзден кетсе де, көңілден кетпей жүрген, халық аманатына адал қызмет еткен білімді қазы болатын.

Ағаш тамырымен, адам досымен мықты

Жәрдембек Қыдыралиннің досы жайлы естелігі өте көп.

— 1985 жылы Кеңшілік Абдельдинов және оның Ауғанстанда әскери борышын бірге өтеген қарулас досы Бақыт Сақбаев пен әрі курстасы, әрі әріптесі болған Арман Құлбеков сынды сайдың тасындай іріктелген жігіттер ҚазМУ-дің заң факультетіне оқуға түсіп, бірге бітірдік. Бір бөлмеде тұрғандықтан, жасыратын сырымыз болған жоқ. Бір жапырақ қара нанды бөліп жеп, әзіл-қалжыңымыз жарасқан дос едік, — деп бастады әңгімесін сыралғы дос. — Талдықорған өңірінде бір аудандық соттың төрағасы болып отырғанында, облыстық соттың судьялары Арман Құлбеков пен марқұм Кеңшілік Абдельдинов келіп, мұрағаттан біз қараған істерді егжей-тегжейлі тексеруге кірісті. Бір күні көшпелі сот мәжілісін ұйымдастырып, қылмыстық оқиға болған жерді қарап, қайтып кеңсеме келсем, алдымнан соттың бас маманы жүгіріп шықты. Түрі бұзылып кеткен. «Не болды?» десем, «Облыстан тексеруге келген судьяларға автокөлігіңізді жұғызып қойыпсыз ғой», — дейді. Кеңшілік киімін ауыстырмастан, автокөлікті жууға кірісіп жатқанда, жүргізушімен мен қызметкерлерім абдырап қалыпты. Аудандық соттың қызметкерлеріне «ой, ол кісінің бұзақы достары бізге қысым көрсетуі мүмкін. Көлігін жуып, тазалап құтылмасақ болмайды» деп, оларды одан әрі әбгерге түсіріпті.

Жақсылық Қыдыралиннің айтуынша, Кеңшіліктің ұйымдастырушылық қабілеті де жоғары болған. Содан болар, ауғандық ардагерлердің басын қосқан жиындардан қалмай, игілікті істердің ұйытқысы болып жүретін. Алайда соғыс туралы олар өте сирек айтатын. Бірақ реті келгенде Сақбаев екеуі ауған соғысында «КамАЗ» маркалы трасса королінің жүргізушілері болғандығын мақтаншып еске алатын.

«Университеттегі ұстаздарымыз Қалауша Бегалиев, Мәжит Имашевтар қазақы дәстүрді де, заңды да жақсы білетін ұлағатты адамдар болды. Сол кісілер Кеңшілікті әрдайым мақтап отыратын. Заң ғылымының докторы, профессор, заманында республикамыздың үш-төрт облысындағы прокуратура органына басшылық еткен Қалауша Бегалиев Кеңшіліктің ақпейілділігіне, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін мінезіне, жалпы, оның парасаттылығына риза болып: «Кеңшілік деген ат кендікті, кемеңгерлікті, бостандықты, тәуелсіздікті, кеңпейілділікті білдіретін есім, сен өз атыңа әбден лайықсың», — деп жиі қайталап отыратын. Расында Кеңшілік кең адам екенін өмірде дәлелдеді.

Айналасына ақыл-кеңесін айтып, жоқ адамға көмегін беріп жүретін. Өте қайырымды болды. Жомарттығы сол, өзі киіп жүрген жақсы киімін қатар жүрген досының иығына жаба салатын. Бірде курстас жігітті ауғандық ардагерлер дүкеніне апарып, югославиялық етік алып берді. Ол кезде мұндай етікке қаржысы қат адам түгілі, жағдайы бар адамның қолы жетпейтін. Осындай кеңдігіне қарап, Кеңшілік қайырымдылық жасауды, жақсылық жасауды өзінің парызы деп есептейтінін аңғарар едік», — дейді Жәрдембек Қыдыралин.

Дара тұлға

Досы жайлы Жәкеңнің естеліктері өте көп. Соның бірі мынау:

— Әлі есімде, 1989 жылдың көктемінде ҚазМУ-дың заң факультетінің үлкен аудиториясында лекция жүріп жатқан. Бір кезде залға бес-алты дәрігер кірді. Ол кісілер Ауғанстаннан қайтып келген солдаттардың арасында жаралы жауынгерлердің көп екенін, олардың біразына қан құю қажеттілігі туындап тұрғанын айтып, студенттерден көмек сұрады. Сол кезде ойланбастан Кеңшілік суырылып алға шықты, оның артынан ауған соғысының ардагері Ешенов Айдархан досымыз ілесті. Оларға бірнеше студент қосылды. Сонымен үш жүзден астам студенттің арасынан бас-аяғы бес адам ғана донор болып, қан өткіздік...

Кеңшілік қазақ орта мектебін бітірген. Ол кезде университетте сабақ орыс тілінде өтетін. Ауызекі орысшасы жақсы болғанымен, орысша дәріс айту қазақ мектебін бітіріп келген ауыл балаларына ауыр соғатын. Сол себепті болар, Кеңшіліктің тақырыпқа қатысты бүкіл тарауды жаттап келетін әдеті бар-тын. Есте сақтау қабілеті зор еді. Өжеттігі бір төбе.

...Екінші курста Бақыт Сақбаев деген досымыз екеуіміз шахмат ойнап отырған едік. Бөлмеге Кеңшілік кіріп келді. Түрі бұзылып кеткен, ашулы. «Жүріңдер, ана екі жігіт жабылып кетпесін, қарап тұрыңдар», — деді бірден. Бардық. Сөйтсек, ерегестің басы қыздардың көмек сұрауынан басталыпты. Екі жігіт тиісіп қоймаған соң, көзтаныс қыздар досымызды танып, көмекке шақырған ғой. Жетіп барса, сырттан келген, қызып алған жігіттер екі қыздың жолын бөгеп, жібермей тұр екен. Дереву қыздарды арашалап алып, жатақханаларына жеткізген соң, бізді ертіп алып, өзін тосып тұрған әлгі екі жігітке келдік. Кесімді сөзіңде тұрып, қорықпай қайта келгеніне риза болды ма, әлде мастықтары тарады ма, «екі мықты» Кеңшіліктен кешірім сұрап, төбелессіз сол жерде татуласып тарадық.

Алматы облыстық адвокаттар алқасының мүшесі Жәрдембек Қыдыралиннің айтуынша, Кеңшілік



Кеңшілік Кеңесұлы Абдельдинов еңбек жолын Алматы қаласы Совет аудандық әлеуметтік қорғау бөлімінде инспектор болып бастады. 1992-1996 жылдары Әділет министрлігінің кадр басқармасында I категориялы консультант, жетекші консультант, бас консультант, соттар жұмысын ұйымдастыру Бас басқармасының бас консультанты қызметін атқарды. Одан кейін Жоғарғы Соттың бөлім меңгерушісі болды. Бұдан ары еңбек жолын Әділет министрлігінде сот жұмысын ұйымдастыру департаментінің маманы, бас маман, Жоғарғы Соттың кадр жұмысы басқармасында бас консультанты болып жалғазған Кеңшілік Кеңесұлы 2003 жылдан бастап сот саласында қызмет етті. 2003-2013 жылдары Алматы облыстық сотының судьясы лауазымын атқарған Абдельдинов Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы болып жүрген кезінде мезгілсіз көз жұмды.

тура айтатын тік мінезді болған. Әрине, онысы кейбір басшыларға ұнамайтын. Достарын да үлкен-кіші деп бөлмей, көңіліне ұнамай қалса, бет-жүзіне қарамай, ойын ашық айтып, қарап отыратын.

...Қазақстанның әділет саласының алғашқы генералы атанған Долда Досполовтың шәкірті болып, сол кісіден көп тәлім-тәрбие алды. Долда Досполов Әділет министрі болған, өмірде көргені көп, тәжірибесі мол, мәдениеті өте жоғары адам еді. Ол кезеңдегі адамдар зейнеткерлік жасқа жеттім деп, арқасын кеңге салып демалып жату дегенді білмейтін. Мысалдай болса да пайдам еліме, жұртыма тисін деп кез келген қызметті атқаруға жан-тәнімен кірісетін. Долда Досполов сол кезеңде өзінің шәкірттері Кеңшілік, Арман, Какен деген жігіттерді тәрбиелеп, олардың заң саласының қыр-сырын жетік меңгерген маман болып қалыптасуына зор үлесін қосты. Сондай заңғар тұлғадан тәлім алған Кеңшілік өмірде өз орнын тауып, заң саласында абырой-атағы, өзіндік орны бар тұлға болып қалыптасты.

Досымыз мәңгілік бізбен бірге

Жетісу облыстық сотының судьясы Арман Құлбек те — Кеңшілік Абдельдиновтың әріптес досы.

«Кеңшілікпен жоғары оқу орнын тәмамдап, мамандық алғаннан кейін Әділет министрлігінде қызметтес болдық. Кәсіби біліктілігі толысқан, өз кәсібінің нағыз маманы болғанына сол кезде көзім жетті. Жоғарғы Сотта Кеңшілік Кеңесұлы беделді, білікті, абыройлы қызметкер ретінде танылып қана қоймай, бізді судьялық жұмысқа дайындап, оң ықпал ете білді. Өзі де қызметтегі біліктілігін көрсетіп, 2003 жылы Алматы облыстық сотының судьясы қызметіне тағайындалды. Шыны керек, Кеңшілік Кеңесұлының басқа облыстарға да судьялық лауазымға тағайындалатын мүмкіндігі бар еді. Бірақ ол өз облысын таңдады. Талдықорғанда нан-тұзымыз, шай-суымыз араласқан дәмдес көрші де болдық. Өзі жақсы азамат болған соң, Алла тағала лайықты жақсы

жар берген ғой. Жұбайы Қанзия екеуі ұлағатты ұрпақ тәрбиелей білді. Кеңшілік Кеңесұлы артық сөзі жоқ, жүрісі де, тұрысы да өзіне жарасып тұратын жан еді. Үлгі алатын нағыз дос, азамат болды. Сырт келбеті мен ішкі ойы сай келіп тұратын. Туғантуыс, ет жақындарға тең қарайтын. Үлкенге құрмет, кішіге ілтипат таныта білетіндіктен, айналасында тек жақсы жандар жүретін еді. Кеңшілік туралы өткен шақта айтқан өте ауыр. Ол бүкіл болмыс-бітімімен әлі де бізбен бірге...», — дейді Арман Шәріпұлы.

Арман Құлбек қызметтес кезіндегі естелігін де ортаға салды.

— Кеңшілік Кеңесұлы адам тағдырын шешуде асығыстыққа жол бермейтін. Әділдігі, жауаптылығы жоғары азамат еді. 1994 жылы сәуір айында Текелі қалалық сотына судья болып тағайындалдым. Ол кезде Кеңшілік Әділет министрлігінде қызмет істейтін. Кеңселерінен пайдалану уақыты өтіп кеткенімен, әлі де жарамды қызметтік стол, кресло, орындықтар, «Ятрань» машинкасы секілді керекті заттарды жалдамалы жүк көлігіне тиеп, бір күні маған алып келді. Жанашырлығы ғой. Осының өзі оның айналасындағы адамдар жайлы өмір сүріп, қиналмай қызмет істесе деген қамқорлығын көрсетпей ме? Себебі ол кезеңде жайлы креслоны айтпағанда, қолжазбаларды басатын машинка табу қиынның қиыны еді. Бүтін ұжымға ортақ бір ғана машинка болатын. Бұл мен үшін керемет, баға жетпес сыйлық болды. Досымыздың бейнесі біздің есімізде тек жақсы қырларымен сақталған. Өттең, тағдыр жақсы адамның өмірін тым қысқы етті...

Соғыс деген бір сынақ

Кеңшілік Кеңесұлы туралы Жетісу облысы Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Ержан Данабековтің де айтары көп.

«Талдықорғанда жасақталған жігіттерді Үштөбе станциясына апарып сапқа тұрғызды. Шокуров деген майор «Ауғанстанға кетесіңдер. Кім қорықпайды, сапта қалыңдар.

Қалғандарың боссыңдар» деді. Сонда тізіліп тұрған үш жүзден астам адамнан елуге жуық жігіт сапта қалдық. Соның ішінде Кеңшілік те бар еді. Пойызбен Ташкенттен асып, Түрікменстанның Тақта Базар деген құмды даласында 15 күн дайындықтан өттік. Содан кейін «Тығыз тапсырма түсті. Араларыңнан 54 жүргізушіні алып кетеміз» деді. Бұл іріктеуде Кеңшілік секілді 52 қазақ, бір орыс, бір татар қалдық. Ауғанстан шекарасындағы Кушкада (Түрікменстан) әскери форма кигізіп, ант қабылдатып, 602-батальон құрамына кіргізді. Сөйтіп, Тургунди-Герат-Шындант — Кандагар қалаларының арасында «КамАЗ» автокөлігін тізгіндеп, авиациялық керосин тасыдық. Командирлер сауатты, шымыр да шыныққан, батылдығымен арамызда ерекшеленген солдаттарды бөлектеп, аса маңызды тапсырмаларды соларға беретін. Сол себепті болар, Кеңшілікке жараланған солдаттарды Ауғанстан шекарасынан асып, Кеңес Одағы жеріндегі ауруханаларға таситын «УАЗ-469» маркалы автокөлігі беріліп, зор сенім мен үлкен жауапкершілік жүктелді. Өзіне артылған міндетті Кеңшілік те мінсіз атқарды, — дейді майдандас досы.

Әкеге қарап ұл өсер

Прокуратура органдарының ардагері Айдар Жанаділов — Кеңшілік Кеңесұлының сыныптас досы. Бала күннен тай-құлындай тебісіп өскен Айдар мырзаның да досы жайлы айтары аз емес.

«Досқа адал, кек сақтамайтын, ұрыс-керісті ұнатпайтын, оңайлықпен ашуланбайтын, ашулана қалса, тез ұмытатын азамат еді. Айта берсе, жағымды қасиеттері өте көп. Бүкіл ауылдастарымыздың есінде қалған бір оқиға: Кеңшіліктің әкесі Кеңес аға экспедитор болды. Ауылдың керек-жарағын тауып, қамтамасыз ету ісі сол кісіге жүктелген. Содан Кеңес аға автокөлікке тапсырыс беру мақсатында ГАЗ-53 маркалы автокөлігімен жанына 14 жастағы ұлы Кеңшілікті алып, Фрунзе қаласына барған. Сол жердегі құзыретті мамандар Кеңес ағаға «тапсырыс берген автокөлік дәл қазір дайын тұр, бүгін алып кетпесен, ертең басқаға кетіп қалады» дейді. Кеңес аға ауылы зәру болып отырған автокөлікті қайтсе де алып кету үшін, амалсыздан бір автокөлікті өзі тізгіндеп, екіншісінің рөліне Кеңшілікті отырғызды. Сонымен небары бір мүшел жасында-ақ мың шақырым қашықта орналасқан Фрунзе қаласынан су жаңа автокөлікті ауылға жеткізіп, елді бір қуантқан еді досымыз», — деді ол.

Түйін

Кеңшілік Кеңесұлы Абдельдинов арамызда тірі жүрсе, биыл ақаралы алпыс жасқа толатын еді... Халыққа бергенінен берері көп болатын. Еліне жасағанынан жасайтыны мол еді. Аман қанша, арда туған азаматты ажал шіркін арамыздан ерте алып кетті. Бірақ, артында өшпес із, өлмес рухы қалды. Кеңшіліктің орнын жоқтатпай отырған достары мен шәкірттері, бауыры Жақсылық, шаңырағын құлатпай отырған жұбайы Қанзия мен ұлдары Елнұр, Елдостар көңілге демеу. Аманатына адал болған азаматтың жатқан жері жарық, рухы шат болғай!

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»

ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ БАЛАНЫҢ ӨМІРІН ӨЗГЕРТЕДІ

Қоғамның қарыштап дамығанына қарамастан, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әрекеттер тыйылар емес. Мәселен, тұрмыстық қарым-қатынаста әйелдерге былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттерге қатысты деректер азаймай отыр.

«Отбасы — шағын мемлекет» деген сөз шаңырақтың қоғамдағы алар орнын көрсетеді.

Өкінішке қарай, түрлі жағдайға байланысты шаңырақтың шайқалып, бейкүне

сәбилердің жауаңкөзге айналып жататын кезі көп. Әрине, берекесі мен бірлігі жоқ,

күнде айқай-шу болатын үйде зорлық-зомбылықтың орын алатыны белгілі. Тұрмыстық зомбылықта көбіне зардап шегетін — әйелдер мен жас балалар. Бұл бала үшін ата-анасының үйі әрқашан ең қауіпсіз жер бола бермейтінін айғақтайды.

Балаларға, әсіресе, кішкентайларға, үйде, отбасында көрсетілген зорлық көп жағдайда жабық күйінде қалады. Дөрекілік, балаға күш көрсету, олардың бағдарын өзгерту, зорлық-зомбылықты,

сайып келгенде, қылмысты тудырады. Мұның соңы тіпті өз-өзіне қол жұмсауға да алып келуі мүмкін.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты көріп өсу болашақ ұрпаққа қауіп төндіреді. Мұндай отбасындағы балалар бұл әрекетті отбасылық дау-жанжалдарды шешудің негізгі құралы ретінде қарастырады және болашақта өзінің отбасында да осы әрекетке жүгінетін болады. Отбасылық зорлық-зомбылық, сонымен қатар, ажырасулар мен то-

лық емес отбасылар санының көбеюіне, балалар панасыздығын және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық сияқты бірқатар әлеуметтік мәселелерді тудырады.

Отбасы — адамзаттың өзінің өмір сүру тарихында құрған ең ұлы құндылығының бірі. Отбасының сақталуына мемлекет мүдделі.

Серікқали БЕРДІБЕКОВ,
Қарағия аудандық сотының төрағасы
МАҒҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

Әр адам несібесін әр жақтан, әртүрлі саладан тауып жүр. Нарықтық қатынастар қазақстандықтарды да бүгінгі таңда жақсы табыс табуға, адал еңбекке, әділетті тұрмыс салтына үйретті. Қазір жастар арасында білімге ұмтылып, жұмыс іздеп қиыр асып жатқандар көп.

Меруерт АЛМАНБЕТОВА – Оңтүстік Кореяға барып, даяшылық қызметте жүрген қазақ қызы. Біз Меруертпен сырттағы өмір, сырттағы жұмыс, басқа қоғам мен ондағы қазақстандықтар жайлы сөйлестік. Еңбекке сүйеніп, ағайын-туысына жәрдемдесіп жүрген замандасымыздың өз қатарластарына үлгі етерлік тұсы көп. Меруерт Оңтүстік Корея жұртының тыныс-тіршілігі туралы әңгімелеп берді.

ҚИЫР АСЫП, ШЕТ ҚОНДЫ ТАЛАЙ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ...

Шынайы Корея сізді аямайды

– Кореяда тұрып жатқаным 5 жыл болды. Өз өмірім жайлы инстаграмда блог жүргізгендіктен, көп отандастарымыз ақыл-кеңес сұрап жазады. Соның ішінде ең өзекті, әрі жиі қойылатын сауал – «Кореяға қалай баруға болады?». Сонда әрқашан айтып жүремін: Кореяға турист ретінде қыдырып, не оқу үшін келу бөлек, қара жұмысқа келу басқа дүние. Екеуінің арасы жер мен көктей. Өйткені сіз демалуға, қыдыруға, оқуға келсеңіз, Кореяны керемет жағынан көресіз, ал жұмыс істеуге келсеңіз, шынайы Корея алдыңыздан шығады. Ал шынайы Корея сізді аямайды, кейде жылатады, қара жұмыс денсаулығыңызды алып қояды. Алаяқтардың құрбаны болып кетуіңіз де мүмкін. Қиыншылықтары өте көп. Отандастарымыздың ең қатты қиналатын тұсы – тіл. Көбісі «тіл керек емес, қара жұмыс жасайсың, керек болса, ымдап сөйлесесің» дегенді айтады. Әрине, олай өмір сүруге де болады, қара жұмысқа ешкім тіл білу деңгейінің сертификатын сұрамайды. Бірақ сіз тікелей кәрістермен жұмыс жасағандықтан, тілдік қажеттілік туындайды. Оның үстіне ағылшын тілін білем, соның өзі жетеді деу де қателік. Мұнда Қазақстандағыдай жастар жағы ағылшынша түсінгенімен, үлкен кісілер біле бермейді. Ал қара жұмысты Кореяда жастардан гөрі үлкен кісілер көп істейді. Мейлі ол асхана, егін даласы, зауыт болсын. Сондықтан тілді біліп келу маңызды.

Ниетті адам бүкіл қиындыққа дайын болуы керек

– Келгісі келіп жүрген адамдардың бәріне бір нәрсе айтқым келеді, көздегі қызғылт көзілдірікті шешіп, ертегінің бәрін ұмытып, қиындыққа дайындалып келіңіздер. Бұнда дорамдағыдай өмір жоқ. Кәріс киноларында бәрі керемет, ертегідегідей көрінеді. Бұндағы мәдениет, қарым-қатынас ерекшелігі, салт-дәстүр мүлде бөлек. Мені таңқалдырғаны – бұндағы халық тынымсыз, тез, әрі көпсалалы. Бір адам бір жұмыспен шектеліп тұрмайды. Сіз, мысалы, даяшы ретінде жұмысқа кіріп, тек даяшының жұмысын істемейсіз. Даяшылықпен қатар сол дәмханада аспаз, еден жуушы, кас-



сир де боласыз. Өйткені олардағы түсінік сондай. Таңқалдырған тағы бір жайт, мұнда ұл-қыз деп бөлмейді екен. Біздің елде қыз нәзік, оған ауыр жұмыс істетеуге болмайды деп төбеге көтеріп, аялайды. Бұл жақта қыз бен ұлдың дәрежесі бірдей. Әйел мен еркектің жұмыс күші тең деген түсінік бар. Сондықтан жұмыс талғатпайды.

«Кореяға жалғыз баруға қорқамын, өзім жалғыз жұмысқа кіре аламын ба» деп именеді көбісі. Мысалы, мен өзім жалғыз келдім. Арқа сүйер ешкім болмады. Сондықтан жалғыз келуге қорқудың қажеті жоқ. Әрине, егер танысыңыз болса, құба-құп. Бұндағы таныс сізге үй жағынан, тіл жағынан, жұмыс іздеу жағынан үлкен көмек көрсетуі мүмкін. Дегенмен жалғыз келіп, өз жағдайын өзі жасап жүрген жандар да жетерлік. Жұмыс, үй іздеуге көмектесетін мұнда арнайы платформалар бар. Сондықтан таныс-тамыр, туысқан болмаса, жұмысқа кіре алмайсың деген түсінік те жат бұнда.

Кореяға келетін кезде менде аса бір таңдау болған жоқ. Университет бітіргенде Корея жайлы айналадағы жандардан көбірек ести бастадым. Оның үстіне Кореяда жұмыс жасап, бір жыл ішінде көп табыс тауып кетуге болады деген таптаурын бар-тын. Бірден үй алып кетесің, көлік мінісін дегендей. Мен де сол оймен аттандым. Бір жылдың әрі-берісі болмас деген оймен. Шынтауында, бір жыл жетпейді екен, бұл уақытта ештеңеге үлгермейсің. Кореяда бес жылдан аса жүру себебім де сол. Әрине, Англия, АҚШ-қа кетуге болады. Бірақ мен естіп, біліп

болсам, мысалы, мен де бір-екі жыл боламын деп, міне, бес жыл болды жүргеніме. Менің әрқашан қайтатын мүмкіндігім болса да, қайтқым келмейді. Кореяда бәрі қолжетімді. Мейлі тамақ, киім, техника, тағы-сын-тағы. «Қазақстанға барсам, не істеймін?» дейтін уайым іштей жейді. Онда бәрі қымбат, жалақы аз, экономика тұрақсыз. «Тағы бір жыл жүре тұрайын, кейінгісін көре жатармыз» деп жүрмін. Басқалардың да қалып кету себебі сол деп білемін.

Жұмысқа келушілерге талап күшейіп жатыр

– Кезінде біз туристсіз деп, тек бір паспортпен келіп, ары қарай қалып кеткенбіз. Қазір «кета» платформасынан рұқсат алған жағдайда ғана елге кіре аласыз. Көп отандастарымыз кетуден рұқсат алу қиын деп жатыр. Рұқсат алу лоторея сынды дейді тіпті. Кетаның жауабыңыз сіз тіпті Қазақстан әуежайында ұшаққа отыра алмайсыз. Одан кейін әуежайдағы сұхбат та қиындап кеткен. Сізден барлық детальды сұрайды. Тіпті кетадан өтіп, сұхбаттан өте алмай қайтып кететін жағдайлар да кезігеді. Біздің кезде екі-үш сұрақ қана қоятын. Бүгінде әуежай қызметкерлерінің күдігін тудырсаңыз, тергеуге де алып кетеді. Оған таңғалудың қажеті жоқ, өйткені заң қатайған. Кейде маған адамдар жылап жазады, «келіп тұрып, қайтарып жіберді» деп. Бір жағынан түсінбеймін, турист ретінде келген соң, өзіңді турист ретінде көрсету керек емессің бе? Алдын ала дайындалып, мысалы, бір апта боламын, осында барамын, жоспарым міне дегендей. Сұхбатта осыны сұрайды, сіз өзіңіздің турист екеніңізді дәлелдей алмасаңыз, әрине, қайтарып жібереді. Өйткені демалам деп келіп, жұмыс істеуге қалып кеткен жандардың көбейгені оларға да сын.

Тексеріс жиіледі

– Биыл 18 және 21 жастағы қазақстандық екі азамат Корея әуежайында депортация кезінде қашып кеткен. Бұл жаңалық сол мемлекетте резонанс тудырды. Бұл оқиғаны жаңалықтардан бір аптадай көрсетті. Өйткені аталмыш екі азаматты бірден табу мүмкін болмады. Бастығымыз «Қазақстан, Қазақстан» деп жүгіріп келіп, телефондағы жаңалықты маған әкеліп көрсеткені әлі есімде. Әрине, неге олай болды екен, неге ақымақтық жасады бұл жігіттер деп қынжылғанмын. Дегенмен бізге деген халықтың да, жұмыс берушілердің де көзқарасы өзгерген жоқ. Бірақ, рейдтер жиілеп, сол екі азаматты іздеу барысында басқа да жұмыс істеп жүрген отандастарымызды ұстап алып кеткен жағдайлар кезікті. Заң өкілдері көшелерді жиі кезіп, шетел азаматтарын байқап қалса, құжаттары сұрап, тексеріп жатты. Әуежайдағы сұхбаттың да осы жайттан кейін қиындай бастағанын естітім. Тексеріс қатты жүрді.

Жергілікті халық бейтарап көзқараста. Ешкім саусақпен түртіп, артыңызға түспейді. Әрине, отандастарымыздың ішінде өзімен-өзі болып, тек жұмыс пен үйдің арасында жүретіндері бар. Десе де, кіммен танысса да, шетел азаматы екенің көрініп тұрса да, визаң бар ма, құжатың түгел ме деп ешкім қазба-ламайды. Ал жұмыс берушілер ви-

засыз жұмысшыларға әбден үйреніп қалған. Өйткені олар саған дейін де талай құжатсыз, заңсыз жүрген жұмысшылармен істес болған және болып та келеді.

Сіздің құқығыңыз сол елдің азаматтарымен тең

Визасыз жұмысшы еңбек ақысын даулап, құзырлы органдарға шағым түсіре алады. Яғни сіздің құқығыңыз сол елдің азаматтарымен тең қорғалады. Құзырлы орган түскен шағым бойынша жұмыс берушімен сөйлесіп, мәселені өзара шешуге мүмкіндік береді. Егер мәселе шешілмесе, жұмыс беруші заңмен құдаланады. Сондықтан көбіне бұндай жағдайлар екі тараптың мәмілесімен шешімін табады. Бұны сізге мен өз практикаманнан айтып отырмын. Әрине, тұмаура-тып не тамақтан ұланып жатсаңыз, жұмыс беруші сіздің еміңізді өтеп бермейді. Тіпті жұмысқа бір апта шықпаңыз, орныңызға басқа адам іздей бастауы да мүмкін. Дегенмен өндіріс орнында дене жарақатын алсаңыз, еміңізді көп жағдайда жұмыс беруші өзі көтереді.

Екі ел арасындағы еңбек визасы реттелсе екен

– Сәуірге таман біздің ел еңбек визасына өтініш ұсынып жатыр деп естіп қуанып қалған едік. Мәселе әлі реттелмеді. Дегенмен біз әлі де виза мәселесінің оң шешім табырынан үміттіміз. Еңбек визасының оң тұстары жетерлік. Мысалы, визалы өзбек азаматы мен отандасымыз бір зауытта жұмыс жасайды делік. Ертеңгі күні алда-жалда аталмыш зауытқа рейдтік тексеріс келсе, өзбек азаматы визасы болғандықтан, қаннен-қаперсіз жұмысын жалғастырса, қазақстандық азаматты жұмыс беруші бірден шығарып жібереді. Тағы бір түйткіл – визалы маман жұмысты тікелей зауытпен келісімге келу арқылы алса, отандастарымыз еңбек ету үшін делдалдармен келісіп, оларға ай сайын жұмысқа орналастырғаны үшін пайызын беруге мәжбүр. Одан кейін Кореяда демалыс күндері жұмыс жасағандық үшін екі есе ақша береді. Бұл мүмкіндік бірақ біздің отандастарымызға қолжетіспіз. Мәселе тағы визада. Бірақ визалы азаматтар жылына үйіне бірнеше рет барып қайтатыны жүрегіме қатты тиеді, өйткені бізде ондай мүмкіндік жоқ.

Туған жерге оралу мұндағы әр қазақтың арманы болар. Бірақ үрей мен қорқыныш басым. Елде немен айналысам, күн көре аламын ба деп уайымдаймыз. Кореяда уақыт ағыны тез секілді. Күнде бір жұмысты жасаған соң ба, әлде себебі басқа ма, көзді ашып-жұмғанша, міне, мысалы, бес жыл өтіп кетті. Негізі келесі жылы елге қайтам ба деп жоспарлап отырғанмын. Бірақ мұнда өзім келген соң әпкем мен інімді де алдырғам. Олар да осында жұмыс жасайды. Әпкем жақында осында кәріс азаматына тұрмысқа шықты. Үйдегілер келіп, арқа-жарқа болып, бір ай мауқымыды басқам. Кейде әке-шешеме: «Болды, сіздерді көріп энергия жинап алдым, тағы бес жыл қалам» деп қалжыңдаймын. Олар кел-келге басады...

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ЖАСЫЛ ЕЛ

Эстонияның Таллин қаласында «Жасыл бағыттар – 2023» конференциясы кезінде экологиялық жағынан ең таза 100 орынның тізімі (Green Destinations Top 100 Stories) жарияланды. Green Destinations Top 100 Stories – инновациялық және жауапты туризмді ұсынатын 100 жасыл бағыттың жыл сайынғы тізімі.

Бұл бағыттар тек таза жасыл пейзаждарды ғана емес, сонымен қатар саяхатшылар үшін бірегей мәдени тәжірибе мен тұрақты дамуы қамтамасыз етеді. 2014 жылдан бері дәстүрлі түрде жыл сайын жарияланатын бұл рейтингте сала сарапшылары Жаһандық тұрақты туризм кеңесі (GSTC) мойындаған өлшемдер бойынша әлемдегі 100 табысты бағытты бөліп көрсетеді. «Жасыл бағыттардың ең жақсы 100 оқиғасы» ((The Green Destinations Top 100 Stories) деп аталатын жаһандық рейтингке Қазақстан алғаш рет еніп отыр. Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданы осы тізімде.

«Бірнеше жылдан бері біз Катонқарағай өңірін тұрақты дамуы стратегиясын жүйелі түрде жүзеге асырып келеміз. Бұл рейтинг біздің жұмысымыздың нәтижесін көрсетті және олардың әлемнің сарапшылар қауымдастығында атап өтілгені бізді жігерлендірді. Біз Катонқарағайды еліміздегі ең бірінші ауаға шығарындылары жоқ жасыл аудан ретінде көргіміз келеді. Саяхатшы үшін киелі әрі ешкім тимеген мекен өте маңы-

КАТОНҚАРАҒАЙ – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

зды. Қазақстанның әрбір аймағының тұрақты даму жолына түсуге мүмкіндігі бар екенін атап өткен жөн. Формула қарапайым – стратегия мен синергетика. Өңірді дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясы және оны жүзеге асыруда қоғамның, бизнестің және мемлекеттің бірлескен күш-жігері қажет», – дейді «Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту қоры» АҚ басшысы Серік Жүнісов. Тұрақты туризм бойынша кеңесші, Қазақстан мен Қырғызстандағы жасыл бағыттардың өкілі Анула Галевска атап өткендей, Катонқарағайдың әсем сұлулығы, оның тарихи-мәдени құрамдас бөліктері туризм үшін үлкен әлеуетке ие.

«Мен Қазақстанның тұрақты даму, туризм және қонақжайлық саласының қалай дамып жатқанын бақылап отырмын, қазір бұл бағытта нақты қадамдар жасалып жатыр. Сондай-ақ біз жұмыс істейтін бағыт – Катонқарағай – экотуризмді дамытудың тамаша жері – ТОП 100-ге енгеніне қуаныштымын. Мен сіздерді мақтан тұтамын және мұндай жер Қазақстандағы алғашқы бағыт болғанын мақтан тұтамын. Ең жақсы 100 жасыл бағыттың тарихына өзүңіз өзі – биік мәртебе. Катонқарағайдың өнегесі облыстың еңе аудандары үшін де шабыттандыратын оқиға айналмақ», – деді Анула Галевска. Оның айтуынша, биыл экологиялық жағынан ең таза



100 орынның қатарына көрші елдер арасынан Қырғызстанның Қарақолы да еніп отыр. Биыл тіркеуден өткен 165 орынның ішінен анықталды. 2024 жылғы үздіктерді анықтауға өтінімдерді қабылдау 2023 жылдың 1 қарашасында ашылмақ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚ БІЛІКТІ ҚОРҒАУШЫҒА МҰҚТАЖ

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде өкілдің білікті заң көмегін алуы процеске қатысушылардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде олардың құқықтары мен мүдделерін іске асыру, қамтамасыз ету, қорғау және қалпына келтіру мақсатында оларға құқық саласындағы мамандандырылған қызметтерде көрсетілген мүлтік емес игіліктерді алу ретінде қарастырылады.



Тәжірибе көрсеткендей, тек құқықтық ақпарат беру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын толыққанды қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз, өйткені халық білікті қорғаушыларға мұқтаж.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша өкілдік институтының жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін жетілдіру жалғасып жатқанына қарамастан, қазіргі уақытта ол құқықтық қатынастар субъектілерін аталған іс жүргізудегі құқық қолданушылардың өктемдігінен қорғаудың пәрменді кепілі екенін мойындау керек.

Әкімшілік-деликттік процессте білікті заң көмегін алуға құқығы бар субъектілерге жәбірленуші, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізілетін адам жатады. Оларға жеке және заңды тұлғалар кіреді. Әкімшілік-деликттік заңнамаға сәйкес, заң көмегін көрсететін тұлғаларға қорғаушы мен өкіл жатады. Бұл ретте қорғаушы немесе өкіл ретінде әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысуға адвокат немесе өзге де адамдар жіберіледі.

Қорғаушы мен өкіл өз қызметін оңтайландыратын түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы өкілдік ететін адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

Мұндай қызметтің негізгі қағидаттары мыналар: заңдылық; әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу барысында пайдаланылатын тактикалық тәсілдер мен әдістердің әдептілігі; өкілдігін жіберген адам мүддесінің басымдығы.

Оған қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізілетін адамды қорғау тактикасы мынадай мақсаттардың біріне қол жеткізуге бағытталған: іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлардың болуына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді тоқтату; өкілдігін жіберген адамның әрекетін (әрекетсіздігін) ҚР ӘҚБтК-нің өзге (неғұрлым жеңіл жазаны көздейтін) бабына (бабының бөлігіне) қайта саралау; өкілдік беруші адам жасаған әкімшілік құқықбұзушылық үшін неғұрлым қатаң жаза (жаза) тағайындау.

Сонымен бірге, әкімшілік құқық

бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудегі қорғаушы (өкіл) қызметінің алгоритмі қудаланатын мақсатына қарамастан өзгеріссіз қалады және мыналарды қамтиды: әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғауға негіз болған оқиғаның мән-жайлары туралы ақпаратты табыс етілетін адамнан алу; құқық қолданушының позициясын бағалау; әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау үшін негіз болған оқиғаның қорғау нұсқасын құру және ұсынылған тұлғамен келісу; өкілдігін жіберген тұлғаның құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету (қажет болған жағдайда); дәлелдеуге қатысу; әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қарау барысында қорғау ұстанымын қорғау (әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымдар).

ӘҚБтК-нің 748-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес, қорғаушы – әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оған заң көмегін көрсететін тұлға. Қорғаушы ретінде адвокаттар қатысады. Адвокаттармен қатар қорғаушы ретінде әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның жұбайы (зайыбы), жақын туыстары немесе заңды өкілдері жіберіледі.

ӘҚБтК-нің 753-бабының 1 және 1-1-бөліктеріне сәйкес, әкімшілік құқықбұзушылық бойынша іс жүргізу кезінде жәбірленушінің заңды мүдделерін білдіруге заң бойынша құқығы бар адамдар жәбірленушінің өкілдері бола алады. Кәметке толмаған не өзінің дене немесе психикалық жай-күйі бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін іске міндетті түрде қатысуға олардың заңды өкілдері мен өкілдері тартылады.

Әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның қорғаушысының және жәбірленушінің өкілінің мәртебесін анықтайтын нормаларды талдау нәтижесінде олардың мәртебесі қызмет мазмұны бойынша

ша айтарлықтай ерекшеленетіні анықталды.

Атап айтқанда, ӘҚБтК-нің 748-бабының 1-бөлігінен және ӘҚБтК-нің 753-бабының 1, 1-1-бөліктерінен қорғаушы қорғалушының құқықтары мен мүдделерін қорғауды ғана емес, оған заң көмегін де көрсетеді, алайда жәбірленушінің өкіліне заң көмегін көрсету бойынша өкілеттіктер формальды түрде берілмеген.

Бұдан басқа, жауаптылыққа тартылатын адамға заң көмегін тек кәсіби қорғаушы – адвокаттар ғана емес, сондай-ақ «әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның жұбайы (зайыбы), жақын туыстары немесе заңды өкілдері», яғни заң көмегін көрсетудің тиісті білімі мен дағдылары жоқ адамдар да көрсете алады. Көрсетілген жағдайларда аталған адамдарды қорғаушы ретінде айқындау жеткілікті түрде негізделмеген.

ӘҚБтК-де жауаптылыққа тартылатындарды қорғау функцияларын орындай алатын жоғарыда аталған адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ жәбірленушінің мүдделерін сотта білдіру, сондай-ақ субъектілік құрам бойынша өзге де шектеулер айқындалмаған.

Жауаптылыққа тартылған адамның қорғаушысының және реттеу көлемі мен мазмұны бойынша жәбірленушінің өкілінің өкілеттіктерін заңнамалық реттеу айтарлықтай ерекшеленеді.

ӘҚБтК-нің 752-бабына сәйкес, қорғаушының өкілеттіктері жеткілікті түрде егжей-тегжейлі анықталған, ал заң шығарушы қорғаушының өкілеттіктерін ғана емес, оларды жүзеге асыру шектерін де белгілейді.

Жоғарыда келтірілген ақпарат жәбірленушінің өкілі берген өкілеттіктер көлемін тең дәрежеде егжей-тегжейлі реттеудің шұғыл қажеттілігін көрсетеді, өйткені ол қорғаушы сияқты жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырады.

Ғабит ТӨЛЕГЕНОВ,
Павлодар қаласының
әкімшілік құқықбұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының судьясы



Жанна НУРСАЛИНОВА,
Өскемен қаласының
әкімшілік құқықбұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының судьясы

Жер бетін көптеген ұлттар мен ұлыстар мекен етеді. Алайда олардың барлығы бірдей дербес ел болу бақытына қол жеткізе алған жоқ. Қазақстан – тәуелсіз ел ретінде әлемдік қауымдастықтан ойып тұрып орын алған бақытты мемлекеттердің бірі. Тәуелсіздік – қай заманда да қадірін біліп, қастерлеуге тиіс құндылығымыз. Ал осы тәуелсіздіктің басында мемлекеттік егемендік туралы декларация тұр.

ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Декларация еліміздің тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы еді. Қазақ КСР егемендігін жариялап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздерін жариялады. Онда тұңғыш рет аумақтардың тұтастығы, бөлінбейтіндігі және татулығы, Қазақстан халықтары мен олардың тілдерінің мәдениетін дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту сияқты мемлекеттіліктің қағидалары бекітілді. Бұл – тарихи және өте маңызды шешім.

Аталған құқықтық құжатта саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді дербес шешу принципі жарияланды. ҚазКСР өзінің ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығын алды. Ал Президент ел басшысы, әкімшілік-атқарушы жоғарғы биліктің басшысы болып танылды.

2001 жылы аталған мереке мемлекеттік мерекелер тізіміне енді. Алайда кейінірек 2009 жылы еліміздің Тұңғыш Президентінің Жарлығымен ол мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталған

еді. Содан бері Республика күні тойланған жоқ.

Былтыр ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлт ұясы – Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда 1990 жылы декларацияның қабылдануы еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы екенін айтып, мереке мәртебесін қайтаруды ұсынған болатын.

Президенттің бұл ұсынысы қоғамда қызу талқыланып, халықтың кең қолдауына ие болды.

Қолданыстағы заңнамалыққа сәйкес, ұлттық мерекелер – еліміздің мемлекеттілігінің дамуына елеулі әсер еткен ерекше тарихи маңызы бар оқиғаларды атап өту үшін белгіленген. Ұлттық мереке кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда міндетті түрде ресми іс-шаралар ұйымдастырылады. Осылайша, заңнамаға енгізілген өзгерістерден кейін Республика күні еліміздің ұлттық мерекесі санатына енгізілді.

Тарихи және құқықтық мәнін ескере отырып, Республика күні мерекесін халыққа қайтару тарихи әділ шешім болғаны анық.

АЛИМЕНТ

Алименттерді өндіріп алу тәртібі мен негіздері «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс пен «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңмен реттеледі. Алимент – ҚР Әділет министрлігінің, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының және ҚР Бас прокуратурасының ерекше бақылауындағы әлеуметтік маңызы бар санаттардың бірі. Оларды орындау жеке сот орындаушыларына жүктелген.

БОРЫШКЕРЛЕР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

Өндіріп алу бөлігінде мәжбүрлеп орындатуға бағытталған процессуалдық шешімдерді қабылдаудың тиімділігі үлкен мәнге ие.

Олардың ішінде: борышкердің мүлкіне, оның ішінде ақша мен бағалы қағаздарға тыйым салу; жылжымалы және жылжымайтын мүлікке тыйым салу; борышкерге белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салу; борышкерге өзіне тиесілі мүлкі, оның ішінде ақшаны пайдалануға тыйым салу; борышкердің мүлкін мөрлеу; құқық белгілейтін құжаттарды алып қою; басқа тұлғаларға мүлкі, оның ішінде ақшаны борышкерге беруге тыйым салу. Сонымен қатар ата-аналар 2023 жылға арналған балаларды асырау жөніндегі міндеттемелерін ай сайын орындаған жеке сот орындаушыларының мерзімді орындауы істердің жалпы санының 62%-дан астамын құрайды.

Қауіпсіздік шараларын қолдану мәселесі үш ай ішінде жалақыдан немесе өзге де кірістерден алимент төлемдерін өндіру мүмкін болмаған кезде туындайды. Бұл ретте сот орындаушысы берешекті анықтау туралы қаулы шығарады және бір мезгілде мәжбүрлеп орындатуға бағытталған бірқатар шараларды қабылдайды. Ең тиімді тетіктер банктік шоттардағы қаражатты алып қою болып қала береді; борышкерге тиесілі көлік құралдарын арнайы тұраққа орналастыру, мүлкіті өндіріп алу, оның ішінде электрондық аукцион арқылы аукционға шығару, нотариаттық іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, жүргізуші куәлігін тоқтата тұру, Қазақстаннан тысқары жерлерге шығуды шектеу және т.б.

Алимент өндіріп алу туралы атқару парағын орындамағаны үшін «Әкімшілік құқықбұзушылық

туралы» кодекстің 669-бабына сай жауапкершілік көзделген. Бұл баптың санкциясында айыппұл да, бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу да қарастырылған. Сонымен қатар, ата-ананың кәметке толмаған балаларын асырауға арналған міндеттерін үш айдан астам орындамауы немесе төлеуден жалтаруы Қылмыстық кодекстің 139-бабында көзделген қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Бұл әрекеттер алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Әділет министрі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бірлескен бұйрығына сәйкес, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері тұрақты негізде өткізіліп тұрады. 2023 жылға алимент төлемегені үшін 172-ден астам борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сот орындаушылары борышкерлермен тұрақты негізде түсіндірме жұмыстарын жүргізеді, алимент өндіру тақырыбы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, әр қалада стендтер ілініп, кәсіби медиатор тартылып, көбіне сот ісін жүргізуде атқарушылық іс жүргізу тараптары арасында келісімге келу, кейде тіпті ерлі-зайыптыларды татуластыру да жүзеге асады. Әрбір ата-ананың кәметке толмаған баласын асыраудағы жеке жауапкершілігі, жалпы алимент төлеуге қатысты сана-сезімін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қала береді.

Әнуарбек ТӘЖЕНОВ,
мемлекеттік сот орындаушы
БҚО Әділет департаменті

БАСҚОСУ

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ТАЛҚЫЛАНДЫ



Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі бойынша дөңгелек үстел өтті.

Жамбыл облысы кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық

сотының судьясы Т.Сұлтанова полиция департаменті қызметкерінің, қала прокурорының және сот қызметкерлерінің қатысуымен «Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесі арқылы сотқа әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді электрондық форматта жіберу туралы енгізілген пилоттық жобаны талқылау бойынша дөңгелек үстел өткізді.

«2023 жылдың наурызынан бастап әкімшілік құқықбұзушылық туралы барлық істер сотқа «ӘІЖБТ» ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта қабылданады. Осыған байланысты істерді жолдау кезінде сапалы сканерленген құжаттарды тіркеу қажет, өйткені сканерленген құжаттар сапасыз немесе дұрыс тіркелмесе, жүйе автоматты түрде қабылдаудан бас тартады», – деді басшы өз сөзінде.

Сондай-ақ Т.Сұлтанова әкімшілік құқықбұзушылық туралы электрондық істер бойынша полиция қызметкерлері арасында тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтты.

Іс-шара соңында қатысушылар сотқа материалдарды жіберу кезінде қиындық туғызатын мәселелерді талқыға салып, өз ойларымен бөлісті.

ЖИЫН

«Тәртіпке бағынған құл болмайды». Бауыржан Момышұлының аталы сөзі құқықтық, тәуелсіз, азат елдің ұстанымына айналғалы көп болды. Құқықтық, зайырлы мемлекет қағида - заңға бағыну, заңды сыйлау. Ал ол адамға бала жастан сіңісті болғанда ғана әділетті, адал, отаншыл, шынайы ұрпақ қалыптасады. Осы құндылықтарға ие жастары бар мемлекет қана тұғырлы, мықты, бәсекеге қабілетті.

«ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ»



Жамбыл политехникалық колледжінде өткен «Өз әрекетімізге өзіміз жауаптымыз» атты дөңгелек үстелде жастар арасында ел заңдары насихатталып, әділетті ұстанымдар мен азаматтық қоғамдағы тәртіпті дәріптеуді мәселелері сөз болды.

Жиынға қатысқан Жамбыл облысы әділет департаменті басшысының орынбасары Шыңғыс

Айнақұлов, Ш.Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты Жанғали Бақытхожаев, Жамбыл облысы, Тараз қалалық полиция басқармасының ювеналды полиция инспекторы, аға лейтенант Бағдәулет Шымкент студенттер алдында сөз сөйлеп, әрбір азаматтың жас мемлекет үшін жасай алатын игіліктері

жайлы әңгіме өрбітті. Біздегі конституциялық құрылымның басты қағидаты – адам, адамның өмірі мен бостандығы. Ата Заң әрбір жеке адамның заңды мүдделерінің, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына кепілдік береді, барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді. Осы ретте, өз әрекетіне жауапты азамат қана өзгенің құқығын сыйлайды, тәртіпке бағынады, заңды алға шығарады. Бәсекеге қабілетті елдер тарихына үңілсеңіз, ең алдымен заң үстемдік құрғанын, азаматтық қоғам қалыптасып, адам ресурстарына қатысты барлық құқықтық институттардың пәрменді екенін байқайсыз. Мұның бәрінің бастауы оқу орындарынан қалыптасады. Өзі ісіне сенімді, өз әрекетіне жауапты жасөспірім ертең көзқарасы орнықты, құқықтық сауатты, бәсекеге қабілетті жеке тұлға болып өседі. Адами құндылықтардың бәрін құрметтейтін, айналысына жауапты, отаншыл тұлға мемлекетінің кемел азаматына айналады. Мемлекеттің, ұлтының, халқының халықаралық аренадағы беделін еселеп, мерейін арттырады. Дөңгелек үстелге келген қонақтар осындай мәселелерді ортаға тастай отырып, студенттерді қызықтырған сауалдарға жауап берді. Жастарға сенім білдіріп, болашақта сауатты, білімді кәсіп иесі болуларына тілектес екендіктерін жеткізді.

А. АХМЕТОВА,
Жамбыл политехникалық колледжі жаратылыстану циклілік әдістемелік комиссиясының физика пәні оқытушысы

КӨКЖИЕК

МЕКТЕП - МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ



Республика күнінің мәні мен маңызын танытуда әрбір жеткіншек үшін мектептің рөлі зор. Алматыдағы Шоқан Уәлиханов атындағы №12 гимназия әркез осындай игілікті істің басында тұр. Республика күні биыл да мектеп қабырғасында айрықша аталып өтілді.

Салтанатты іс-шараға барысына республикалық маңызға ие мекемелерден қонақтар қатысты. «Жас ұлан» жастар ұйымына жаңа мүшелер қабылданды, ән айтылып, би биленді. Мектепте тәлім алып жатқан әр түлек тәуелсіздік декларациясы жарияланған тарихи күннің салмағын сезінді. Қазақстан атты ұлы Отанның, тәуелсіз елдің түлегі сезіну – мұндағы әр бала үшін мақтаншыл. Жүздері бал-бұл жанған шәкірттерді мектеп директоры Ж.Бекжанова құттықтап, тәуелсіз елдің ертеңі жастардың қолында екенін, сол үшін олардың сапалы білім алып, саналы азамат болып өсу қажеттігін айтты. «Әр баланың келешек өмірі, оның тағдыры мен дамуы ұстаздардың қажырлы еңбегіне байланысты. «Ұстаз пейілді болса, шәкірт зейінді болады» деген тәміл әрқашан өзекті. Құрметті ұстаздар, атқарып жатқан өлшеусіз еңбектеріңіз жемісті болсын! Еліміз аман, аспанымыз ашық болсын!» – деп ата-аналар қауымы да мерейлі мереке де жылы лебіздерін білдірді.

Гимназияда үнемі қоғам үшін, әлеумет пен жастар үшін өзекті

делінетін күн тәртібіндегі мәселелер талданады. Мәселен, жақында ғана білім ордасында «Әке тәрбиесі – үлкен мектеп» атты конференция өтті. Конференция жастарға отбасындағы береке-бірлікті үндеді, жалпы қоғамдағы ер-азаматтардың орнын дәріптеді. Қазіргі таңда ер бала тәрбиесіне қатысты көп сын айтылады. Бұл мәселеде бірінші кезекте, әрине, әкенің орны бөлек. Толыққанды отбасында өсу, әке тағылымын үйрену жас жеткіншек үшін үлкен бағдар, болашаққа деген сенім. Жиынға келген ата-аналар оқушылармен ашық диалог құрды, шынайы әңгімелерін айтты, ата дәстүрден тағылымды мысалдар келтірді.

«Менің отбасымның сүйікті кітабы» атты басқосу да осындай игілікті істердің жалғасы іспетті. Шәкіртті кітапқа баулу, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру – мектеп әкімшілігінің үздіксіз сабақтасып келе жатқан дәстүрлі істерінің бірі. «Мектеп – кеме, білім – теңіз» десек, аталмыш гимназия осы ұлы мұрат жолында үздіксіз абыройлы қызмет атқаруда.

Бота ЖАЛҒАСҚЫЗЫ

ПІКІР

ТАРИХИ КҮН

2022 жылдың 29 қыркүйегінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде кинематография, мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойған еді. Аталған заңға әйкес, Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайтарылды.

Тарихқа үңілсек, 1990 жылдың 25 қазаны – еліміз үшін ерекше күн. Бұл күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің

қаулысымен тарихи құжат, яғни «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі туралы» Декларациясы қабылданды. Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналды.

Республика күні – ұлттың рухын көтеретін маңызы зор мереке. Қайта оралған мерейлі күннің жас ұрпақ үшін тәрбиелік, тағылымдық мәні үлкен. Бұл – ұлттың еңсесін тіктеп, кеудесін мақтаншыл кернейтін күн!

Данара УРАЗАЕВА,
Орал қаласының мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің жетекші маманы

ТАРАТУ

2. «Талап-Жер» ЖШС (БСН 211040011219) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ахмет Жұбанов көшесі, 110 үй.

3. «УПРАВЛЯЮЩАЯ КОМПАНИЯ ПКСК НУР» ЖШС (БСН 230440018201) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қ., Түркісіб ауданы, Сокольский көшесі, 59 үй. Тел.: +77762987373; +77075099700.

4. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Науырзым ауданы білім бөлімінің «Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК (БСН 081240009136) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қостанай облысы, Науырзым ауданы, Дәмді а/о, Дәмді ауылы, Байтұрсынов көшесі, 6 ғимарат.

5. «АРРГЕНТА» ЖШС, БСН 150240012406, өзінің ерікті түрде таратылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 366, индекс 050060. Тел.: 87013057406.

6. «Асем-Нур Инвест» ЖШС, БСН 070140014868 (Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Фурманов көшесі, 46 үй, 66 бет),

өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 31, кеңсе 42. Тел.: 87015702207.

11. «Бидай НАН Л» ЖШС, БСН 171040023292, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Қарағанды көшесі, 1 ғимарат.

12. «Жерұйық» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, БСН 191240024221, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Әйтей ауылдық округі, Үштерек ауылы, Керегетас көшесі, 10 үй.

13. «Ломбард MODERN.KZ» ЖШС, БСН 200640008975, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Махамбет Өтемісұлы көшесі, 116 үй, кеңсе 1. телефон: +77757719658.

МҰРАГЕРЛІК

7. 13.06.2023 жылы қайтыс болған Бабаева Калдардың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Г.С. Абсаматоваға келуі керек. Мекенжайы: Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 247 К ғимарат. Тел.: 87058987588.

ӘРТҮРЛІ

8. «Завод дорожных знаков» ЖШС, БСН 060540001690, 28.11.2023 ж. сағат 10.00-де Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Қазыбаев көшесі, 1, №300 кабинетте қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлайды. Жиналыстың күн тәртібінде: «Серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысушылардың үлесін сату».

9. «Нұртас Құрылыс» ЖШС, БСН 070240024719, «Шындау» ЖШС, БСН 061040005093, ұйымдарына қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Махамбет көшесі, 116Е үй. Тел.: 87711774900.

10. «Ел тағдыры» республикалық саяси партиясы саяси партия құру ниеті туралы хабарлайды. Құрылтай съезін (конференциясын) өткізу орны: 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандосов көшесі, 60. Өткізу күні: 2023 жылғы 28 қазан, сағат 17.00.

14. «Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Көлсайирригация» ШЖҚ СШ МКК, БСН 080640001985, «Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматыоблсушар» ШЖҚ МКК-на, БСН 221240042763, қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 041419, Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Жанай көшесі, №1.

Ақтөбе облысының судьялар қауымдастығы ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Лаура Арықбайқызы Ағыбаеваға әкесі, заң ғылымдарының докторы, профессор **Арықбай Нүсіпәліұлы АҒЫБАЕВТЫҢ** өмірден озуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Криволиова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қидырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 27 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Таяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!


1992 жылдың қаңтары. Шығыс Сібірдегі Лена өзенінің бойында орналасқанымен, ешбір географиялық картада жоқ «Көкжиек – 48» әскери қалашығының «Мұрағаттар бөлімінде» түнде болған өрт тез сөндірілгенмен, біраз маңызды құжаттарды аман алып қалудың сәті түспеді. Қалашықтың ғылыми қызметкерлерінің арасында «Бұл өртті академик Александр Васильков өз еңбектерін қалашықтың коменданты, полковник Михаил Тряпкинге бергісі келмегендіктен ұйымдастырыпты» деген әңгіме де айтылып жатты. Бұл әңгіменің шығуына полковниктің құпия құжаттарды шетелге қымбат бағаға сатқысы келіп жүргенін қалашықтың әрбір тұрғыны жақсы білетіндігі себеп еді. Алайда жергілікті ҰҚК-нің басшысы оның туған қайынағасы болғандықтан, Тряпкиннің бұл әрекетіне ешкім қарсы келе алмайтын. Бұл кезде Мәскеудің әскери қалашықтағы қылмысқа назар аударудан гөрі, басқа да өзекті проблемалары жетерлік еді...

Бүгінгі күн. Қазақстанның оңтүстігі. Шағын Шауқты қаласындағы «Шауқты таңы» газетінің журналисі Сабырханов Жомарт Үмітбекұлына досы телефонмен хабарласып, өз баласының кешеден бері хабарсыз кеткенін айтып, соны табуға көмектесуін сұрады.

Тау етегінде орналасқан Шауқтыда шағын кен орындары болғанымен, жұмыс орны аз еді. Сондықтан «артық адамдар» жұмыс іздеп, жан-жаққа кетсе, қалада жұмыссыз жүрген жастар амалсыз түрлі қылмысқа баратын. Жомарттың досының мектеп бітіргеннен қылмыстық жолға түсіп кеткен баласы да сондай бұзықтардың бірі болатын. Соны жақсы білетін журналист ол туралы бірден полицияға хабарласып еді, олар оның «Супер Гранд» ресторанында қаладағы атақты үш байдың бірі – Омардың баласын екі оққағарымен атып өлтіріп, кейін пистолетпен өзін атқанын айтты.

Шауқтының үш байы – Нұрлан, Омар мен Ерлан қаладағы кіріс түсіруі мүмкін-ау деген барлық саланы өзара теңдей бөліп алған алпауыттар еді. Занды бизнестен бөлек, криминалды салаға да билігі жүретін оларды жұрт сырттай «Тригада» деп атайтын. Бұған себеп – олар бұл салаға 1990 жылдары қылмыс әлемінде «бригадирлік» жасап, қаншама саудагердің бизнестерін өз аттарына құйтырқы жолдармен аударып алып жүріп келген еді. Осы жолда мықты таныстар тауып, биіктерге көтеріліп, үлкен авторитетке ие болған сол алпауыттарға әлгі жас жігіттердің бір ауыз сөз айту түгілі, тіке қарауға да шамасы жетпейтінді. Сол себепті бұл қылмыстық оқиға қаланы біраз дүрліктірді. Баласынан айырылған Нұрлан дәу бұл жайға екі серігінің қатысы бар деп күдіктенсе, жас жігіттің достары сол үшін өзіміз зардап шегеміз-ау деп қорқып жатты. Жомартты бұл оқиғада таңғалдырғаны, досының баласының тек төбелеске жақын болғанымен, кәсіби киллер секілді қас-қағым сәтте бір оққағардың қаруын тартып алып, оны естен тандырып, өзіне қару кезенген екі оққағарды бірден атып тастап, дәудің баласын «Бұл сенің жазаң!» деп алдымен жүрегінен, сосын қақ шекесінен атуы болды. Шаруасын бітіріп болған соң, осы оқиғадан абыррап қалған жұрттың көзінше пистолетті өз шекесіне тақап, жыммып тұрып өзін атыпты.

Қалалық полицияның үздік тергеушілері мен қылмыс әлемінің тіміскілері қанша жерден тергеу жүргізсе де, жігіттің не үшін бір іске барғанын түсіне алмады. Қайтыс болған баланың әкесі Нұрланға екі серігі жолығып, өздерінің осы іске



«ЕГЕУҚҰЙРЫҚ АУЛАУШЫ»

еш қатысы жоғын мәлімдеп, бұл жерде басқа біреулердің барын, соларды тауып жазасын бермей тыншымайтындарын айтып ант ішісті.

Содан Шауқты тыныштала бергенде, келесі аптада дәл сол күні қалалық колледжде бір топ студент сабақ үстінде белгісіз газдан уланды. Қаланың төтенше қызметі жаппай соның салдарын жойып, әбіржіп жатқанда, әлеуметтік желіде сол студенттердің түрі бұзылып, жүрегі айнып, ал кейбірінің іші өтіп қиналып жатқаны туралы бейнеролик жарияланды. Көпшілік оларға жанашырлық білдірсе, арасында, өкінішке қарай, оларды мазақ еткен комменттер де кездесіп жатты...

Ал үшінші аптаның нақты сол күнінде «Тригаданың» екіншісі Омардың ұлы бір жезөкшенің қолынан қайтыс болды. Қаладағы таңдаулылар жиналатын мейрамханада екі қыздың қасында тамақ ішіп отырған жас жігітке жиырмаға енді толған ап-арық «жеңіл жүрісті» шапшаң қимылмен шабуыл жасап, соның қолындағы асханалық пышақты жұлып алып, тамағын орып жіберіпті. Жігіттің төрт оққағары есін жиғанша, бикеш оларды да қолындағы пышағымен қас-қағым сәтте жайратып салыпты. Содан кейін жаны қиналып, екі дүние ортасында аласұрып отырған жігітке «Бұл сенің жазаң!» депті де, өз басын қабырғаға қатты соғып, бірден жан тапсырыпты. Бұл жайлы жігіттің қасында отырған қыздар шошына отырып айтып беріпті.

Үш оқиға аптаның дәл бір күні болғаннан кейін, бәрінің өзара байланысты екені кез келген адамға түсінікті болды. Полиция да, қылмыс әлемі де соның себебін іздей отырып, осыдан екі айдай уақыт бұрын дәл сол күні «Тригаданың» бірге көңіл көтергенді жақсы көретін балалары бір студент қызды зорлағаны туралы полицияға арыз түскенін анықтады. Отбасында тек әкесі мен өгей шешесі ғана бар сол қыздың айтқандары шұғыл жүргізілген сараптаманың нәтижесінде расталмағандықтан, оны мазақ етушілер пайда болыпты. Тіпті бірге оқитын курстастары әлеуметтік желіге оны қорлайтын бейнеролик те салыпты. Соны көрген кейбір жастар қызды қолдаудың орнына мазақ етуді күшейтіпті. Осындай жағдайларға шыдай алмаған қызды туыстары амалсыздан «психушкаға» жатқы-

зып, қайғыны көтере алмай жолдың шетінде келе жатқан әкесін белгісіз көлік қағып кетіпті. Ал қыздың өгей шешесі күйеуін жерлеп болған күннің ертесіне-ақ шетелге кетіп қалыпты. Сол себепті бұл оқиғаға ол отбасының қатысы жоқ, тек бір күштер сол оқиғаны пайдаланып, «Тригаданы» жойып, қалада өз билігін орнатпақ екен деген болжам жасалды.

Осы жайларды назарға алған үшінші бай – Ерлан бәрі реттелгенше сақтық ретінде өз баласын қаладан тысқары жердегі құпия орынға жасырып тастады. Оны одан да алысқа жіберуге қасындағы екі серіктесінен қорықты. Олар сол жағдайда өз балаларының өлімін анық осыдан көрер еді.

Атышулы қылмысқа қызығушылығы ояңған Жомарт журналистік зерттеу жүргізуге бел буды. Редакторы оның ұсынысымен келіскенімен, бұл жерде көп күштер араласқандықтан, барынша сақ қимылдап, ешкімге сенбеуге кеңес берді. Жомарт бұл іске зорланған қыздың туыстарының қатысы бар деп шамалап, осы бағытта зерттеу жүргізсе бастады. Алдымен қыздың оқу орнына барып, оның курстастарымен сұхбат жүргізді. Құрбыстарымен қатар күндестерімен, ұстаздарымен және олармен көршілес тұрған адамдармен сөйлесіп, қыздың ешкімге зияны жоқ, ақкөңіл қыз болғанын білді. Анасы ол бастауыш сыныпта оқып жүргенде қайтыс болып кеткенде, әкесінен гөрі қалаға жақын жердегі «Айқын» деген ауылда тұратын нағашы атасына жақын болып кетіпті. Көнбіс әкесі жаңа үйленген әйелінің айтқанынан шыға алмай, қызына мейірім көрсетпеген. Ал ақшаға жақын әрі долы мінезді өгей шешесіне бұл қыздың бар-жоғы бәрібір екен. Қыз зорланған кезде өгей шешесі кінәлілер жақтан қомақты ақшаны алып, қыздың арызын кері қайтартқан. Қарсылық білдірген күйеуінің жер-жебіріне жетіп ұрысып, оны үйден қуып жіберіпті. Содан еркек күйіктен араққа салынып, көрінген жерде қонып жүріпті. Кейіннен оны белгісіз көлік қағып кетсе, оның жаназасынан кейін әйелі шетелге кетіп қалыпты. Алайда ол әйелдің бар құжаттары мен қымбат заттары үйінен шыққанын естіген Жомарт бұл жерде бір сырдың барын сезді.

Осы жайларды ой сарабынан өткізген Жомарт алдымен қыздың

нағашы атасы Аралбекті тауып алу-ды жөн көрді. Алайда оны да бір айдан бері көршілері көрмеді. Жақсы араласатын бір көршісі Шауқтының бір шетіндегі компьютерлік техникаларды жөндеу шеберханасының мекенжайын берді. Сол жерге келіп, шеберхананы айналоқтап жүргенде, Жомарттың нашар киімді бір шалдың өзінен нанға ақша сұрағаны ғана есінде қалыпты, бір кезде көзін ашса, тар бөлмеде креслода отыр екен. Қуатты шам жанып тұрған бөлменің терезелері мен есігін көре алмады. Қол-аяғы бос болғанмен, ол денесін қозғалта алмады, тіпті басын жан-жағына әрең бұрып отырды. Бір кезде қасына әлгі шал келіп: «Алаңдама, жарты сағаттан кейін бәрі қалпына келеді. Сәл шыдай тұр. Мен саған бәрін де айтып беремін, ақыры сол үшін осы жерге келген жоқсың ба?» – деп жымиды. Ол өзі іздеп жүрген қыздың нағашы атасы екен.

«Саған бүгінгі жағдайлардың себебін білу үшін, өз өмірімнен біраз дерек айтуым керек. Мен әке-шешесі жоқ тұл жетіммін. Әйтеуір, ұлтымның қазақ екенін білемін. Бірақ орыстiлді мектепте оқып, білім ордасын қызыл аттестатқа бітірдім. Содан тіке сол кездегі бас қаламыз Мәскеуге жол тарттым. Сексенінші жылдардың соңында мен Мәскеудегі ақпараттық технологиялық бағыттағы жоғары оқу орнын үздік бітіріп шыққан соң, еш қиындықсыз КСРО Қорғаныс министрлігіне қарасты ғылыми-зерттеу институттарының біріне жұмысқа тұрдым. Бастығым адам мының мүмкіндіктерін зерттеу бағытындағы жұмысымен әлемге танымал, өз ісіне адал және қызметкерлерінен де соны қатаң талап ететін академик Александр Васильков деген адам еді. Бірақ академиктің бір жаман әдеті – ол өз қарамағындағылардың жетістігін еш қысылмастан иеленіп кететін. Бұл қылығын «Менің шебер басшылығым болмаса, оған дұрыс бағыт көрсетпесем, мұндай жетістікке жетпейтін еді. Демек, ол тек менің тапсырмамды орындады, сондықтан ол менің жетістігім» деп ақтайтын. Сонда да одан біраз өзіндік тәсілдерді үйренген адамдар ол туралы жақсы пікір айтатын.

Бірде гипнозерлер мен экстрасенстердің мүмкіндіктері көрсетілген бейнежазбаларды көрген бастығымның басына ғажайып бір ой келіпті. Адамның өмір бойы көргені мен естігендері және сезім мүшелері арқылы қабылдаған ақпараттары оның миы-

ның бір түкпірінде сақталып тұратыны белгілі. Егер де соның ішіндегі нақты бір жағдайға қатысты қажеттісін оятып, соны дер кезінде қолданатын болса, онда ғажайып мүмкіндіктерге қол жеткізуге болатын еді. Мысалы, оқ дәрінің ісін сезбеген жас сарбазға жау тылында диверсиялық ұрыс жүргізу тәсілдері мен әскери жекпе-жек өнерінің тәсілдері туралы бір сағаттық бейнефильмді бір-ақ рет көрсетіп, миына соларды қажет кезінде қолдануды бұйырса, жау тылына тасталған сарбаз қарсыласқа тісқаққан кәсіби сарбаздар секілді орасан шығын келтірер еді. Академик бұл бағытта экстрасенстердің мүмкіндіктерін көбірек пайдаланып, солардан «Дұрыс бағыт беруші» адамдар жасап шығаруды ойластырды. Оның идеясының дұрыстығын кейіннен атақты экстрасенстер Кашпировский мен Чумак дәлелдеп берді деп ойлаймын. Ал оларға қосымша бір де бір экстрасенс теледидар арқылы, ойша бұзылған сағаттарды «жұмыс істеткені» де көрсетілген еді. Сол кезде бірнеше адам «бұзылып тұрған қол

сағаттарының қалай істеп кеткенін» айтып таңқалған болатын.

Академик сол идеясымен Қорғаныс министрлігіне барғанда, оларға соғыс уақытында ойша бұйрықпен қолына ешқашан қару ұстап көрмеген адамдардан ұшақтар мен танктерді шебер басқаратын әскер жасап шығара алатын, ал жаралыларға ойша бұйрықпен еш дәрісіз-ақ өзін-өзі емдететін, жау әскеріне тікелей бейнебайланыстың көмегімен өзін өлтіруге немесе қаруларын тастауға бұйрық бере алатын «әскери экстрасенстер» жасау идеясы бірден ұнап, ол жақтағылар өз келісімдерін берді. Көп ұзамай сол бағыттағы жұмыстар «Таңғы шық» деген құпия атаумен Шығыс Сібірдегі «Көкжиек – 48» деген әскери қалашықта жүргізіле бастады. Сыртқы әлеммен тек Лена өзені мен әуе жолы арқылы ғана байланысатын ол қалашық Берия заманында салынғандықтан, өзімізді сол жерде тура Сталин дәуірге жүргендей сезінетінбіз. Біздің сол жердегі басты қарсыласымыз қалашықтың басшысы, полковник Михайл Тряпкин болды. Басынан-ақ институт қызметкерлері мен жергілікті әскерилер арасында өзара кикілжің болғанымен, екі жақ ашық ерегіске бармай, ортақ бағытта жұмыс атқарды.

Енді теория бойынша бәрі тамаша болғанмен, шынайы өмірде жағдай басқаша болатыны белгілі емес пе? Қаншама зерттеулер мен жұмыстар жүргізіліп, біраз жетістіктерге қол жеткізілгенмен, академик армандағандай нәтиже жүзеге аспай жатты. Миға берілген бұйрықтар мен оның әсер ету уақыты қысқа мерзімнен аспады. Оны одан әрі жетілдіру үшін әлі біраз уақыт керек еді, алайда сол кезде КСРО таратылып кетіп, дүрбелең дәуір басталды. Қалашықтың коменданты соны пайдаланып, біздің жұмысымызды америкалықтарға қымбат бағаға сатпақ та болды. Оған жол бермеу үшін, академик өзінің сенімді адамы ретінде маған құпия құжаттар сақталған бөлмеге өрт қоюға бұйрық берді. Ол кезде мен «барлық ақпараттарды сараптауға жауапты маман» болғандықтан, маңызды құжаттардың электронды көшірмесін алып қалып, тек қағаз нұсқаларын өртеп жібердім.

Қалмұрат ДӘУЛЕТБАЕВ,
ЖЕТІСАЙ АУДАНЫ,
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана

Тапсырыс №161 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31